



МИНИСТРЛІКТІҢ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАЛДЫ



Мемлекет басшысы Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваны қабылдады.

Президентке министрліктің мәдениет, ақпарат, азаматтық қоғам, дін, этносаралық қатынас, жастар саясаты, креативті индустрия, отбасы-демографиялық саясат, мұрағат және кітапхана ісі салаларында биылғы атқарған шаралары, сондай-ақ ведомствоның 2025 жылға арналған перспективті жоспарларын жүзеге асыруға дайындығы жөнінде мәлімет берілді.

Аида Балаеваның айтуынша, биыл алғаш рет қазақ өнері әлемге әйгілі арталандарда, атап айтқанда, Венеция биеналесінде, Тиме Азия өнері музейінде таныстырылды. Қазақстанның баспа өнімдері Франкфурт кітап жәрменкесінде көрсетілді.

Сегіз тілде Qazaq culture ақпараттық-ағартушылық платформасын іске қосу еліміздің тарихын, мәдениетін және салт-дәстүрін дәріптеу тұрғысынан маңызды жобаға айналды. Бұдан бөлек, Астанада өткен V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының ашылу және жабылу салтанаты айтулы мәдени-бұқаралық іс-шара ретінде бағаланды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа министрліктің заң жобаларын әзірлеу бағытында атқарған жұмысы туралы баяндалды. Атап айтқанда, биыл елімізде журналистердің мәртебесін арттыруды көздейтін

жаңа БАҚ туралы заң қабылданды. «Қазақфильм» киностудиясын тікелей қаржыландыруды қарастыратын заңнамалық өзгерістер Парламент қарауына ұсынылды.

Мемлекет басшысына еріктілер қозғалысын дамыту шаралары жөнінде есеп берілді. Министрдің айтуынша, 2022 жылмен салыстырғанда, белсенді еріктілер саны 240 мың адамға дейін артты. Жыл сайын 50-ден астам волонтерлік жоба жүзеге асырылады, сондай-ақ 7 қазақстандық ерікті БҰҰ құрылымдарына жіберілді.

Аида Балаева креативті индустрияны қолдау шаралары әзірленгенін жеткізді. Олардың қатарында Креативті индустрия қорын құру, орталық және жергілікті атқарушы органдардың құзыретін кеңейту бастамалары бар. Креативті индустрия субъектілеріне арнайы салық режимі енгізілді. Жыл басынан бері елімізде 10 креативті орталық пен хаб ашылды.

Кездесу соңында Президент келесі жылы өтетін Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы, Ұлы Жеңістің 80 жылдығы, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі секілді мерейтойлық әрі маңызды іс-шараларға дайындық барысын жіті бақылауға алуды тапсырды.

ПРЕЗИДЕНТ ЗҮЛФИЯ СҮЛЕЙМЕНОВАНЫ ҚАБЫЛДАДЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев ҚР Президентінің кеңесшісі – Халықаралық экологиялық ынтымақтастық жөніндегі арнаулы өкілі Зүлфия Сүлейменованы қабылдады.

Мемлекет басшысына Баку қаласында өткен БҰҰ климаттың өзгеруі жөніндегі негіздемелік конвенциясына қосылушы тараптардың 29-конференциясының басты қорытындылары туралы мәлімет берілді.

Президентке 3 желтоқсан күні Эр-Рияд қаласында өтетін One Water Summit халықаралық іс-шарасына әзірлік барысы

баяндалды. Аталған саммит Қазақстан мен Францияның төрағалығымен, сондай-ақ Дүниежүзілік банктің және Сауд Арабиясының қолдауымен ұйымдастырылады.

Президент Қазақстанның экология, су ресурстары және биоалуантүрлілікті сақтау бағытындағы бастамаларын сапалы іске асыруды тапсырды.

ӨЗЕКТІ

САПАЛЫ ЖОЛ – ЕЛДІҢ ҚҰТЫ

Келесі жылды бейресми түрде «Жол сапасы жылы» деп атауға болатындай. Ел Үкіметі жол құрылысының сапасын күрт арттыруға уәде етті. Қоғамдық мониторингті күшейту мақсатында 2025 жылы e-joldar платформасы іске қосылады. Отандық ғалымдар әзірлеген инновациялар енгізіледі. Басқа жаңалықтар қарастырылған. Бұл салада әзірге шешімін таппаған, «кезегін күтіп қажыған» мәселе жетерлік.

ӨНІРЛЕРІМІЗДІҢ АЛЫС-БЕРІСІ ЖАҚСАРАДЫ

Жол салу дегенде ырың-жырыңы көп, жыры мен жұмысы ұзақ жылға созылатын «сақалды құрылыстар» елестейді. Сондықтан Үкімет басшысы Олжас Бектенов жауапты шенеуніктерге бұдан былай жобаларды жүзеге асыру мерзімін нақты әрі қатаң сақтау міндетін қойды. Бұл проблема әсіресе солтүстік және шығыс өңірлерде көкейкесті, себебі оларда құрылыс жүргізуге қолайлы маусым тым қысқа. Бұл дергінен сала келесі жылы арыла ма, Үкімет сөзінде тұра ма, уақыт көрсетеді.

(Жалғасы 5-бетте)



БАСПАСӨЗ-2025



АІОУҢ

АІОУҢ республикалық
қоғамдық-саяси газетіне
2025 жылға жазылу басталды

Жазылу түрлері	Индекс	Жазылу мерзімі	Редакциялық баға	«ҚАЗПОШТА» АҚ жазылу бағасы	
				Қала	Ауыл
Заңды тұлғалар үшін	15102 - AIQYN	6 ай 12 ай	10 500 21 000	15 871,08	11 854,86
				31 742,16	23 709,72
Жеке жазылушылар үшін	65102 - AIQYN	6 ай 12 ай	6 250 12 500	7604,46 15208,92	



Анықтама телефондары:
«Қазпошта» анықтама бөлімі: 8 (7172) 58-02-96
Жазылу және тарату бөлімі: 8 (778) 837-07-21



ЖАРЛЫҚ ЖЕКЕ СЕКТОРҒА ДЕМ БЕРСЕ ДЕЙМІЗ...

Астанада тәуелсіз сарапшылар Мемлекет басшысының экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы Жарлығын іске асыру барысын талқылады.



АҚТОҚТЫНЫҢ ЖҮЗІГІ

Қазақтың кең даласын әнге бөлеген алты алаштың ардақты серісі, даңқты композитор, ел еркесі атанған – Ақан сері Қорамсаұлының аты аталғанда Ақтоқтының да есімі еріксіз ойға оралады.



30 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

СЕНАТ



ЭЛЕКТРОНДЫҚ САУДАНЫ ДАМУДЫ КӨЗДЕЙДІ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата отырысы өтті. Онда Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ауыл шаруашылығы өніміне арналған қоймалық куәліктерді беру туралы заң қаралды. Сондай-ақ сенаторлар өздерінің депутаттық сауалдарын жолдады.

Отырыс барысында палата депутаттары «Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ауыл шаруашылығы өніміне арналған қоймалық куәліктерді шығару (беру), олардың айналысы және өтелу қағидалары туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды қарап, мақұлдады. Құжат нормалары қойма куәліктерінің тұрақты айналымын және қойма куәліктерін ұстаушылар үшін қаржы ресурстарының қолжетімділігін қамтамасыз етуге арналған.

Сондай-ақ аталған заңды ратификациялау аграрлық саланың кірістілігін арттыруға мүмкіндік береді және ауыл шаруашылығы тауарларының электронды саудасын дамытуға ықпал етеді деп болжанып отыр. Бұл ЕАЭО елдерінің шаруашылық субъектілерінің аумақтық қашықтығы жағдайында маңызды мәселе екені анық.

«Келісім Еуразиялық экономикалық одақ аясында ауыл шаруашылығы өнімінің саудасын және осы саладағы электронды сауданы дамытуды көздейді. Атап айтқанда, Еуразиялық экономикалық одақ аумағында ауыл шаруашылығы өнімдеріне арналған қойма куәліктерін пайдалану мен олардың айналымын реттеу үшін құқықтық негіз қалыптасады. Алдағы уақытта мақұлданған заң Экономикалық одаққа мүше елдер арасында ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастықты арттыруға оң септігін тигізеді деп сенеміз», – деді заң жөнінде пікір білдірген Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар палата отырысында сенаторлар өзекті мәселелерді көтеріп, депутаттық сауалдарын жолдады.

Әли Бектаев елдегі азық-түлік сапасын бақылау зертханаларының жағдайы сын көтермейтінін айтты. Осыған байланысты депутат қордаланған түйткілдерді шешу үшін зертханаларды жаңғыртуға арналған Жол картасын әзірлеуді ұсынды.

Шәкәрім Бұқтұғұтов Солтүстік Қазақстан облысында жылу энергетикасы саласынан білікті кадрлардың кетуіне аландаушылық білдірді. Осыған байланысты сенатор қолданыстағы табиғи монополиялар туралы заңнамаға өзгерістер енгізу жөнінде бастама көтерді.

Айнұр Арғынбекова денсаулық сақтау саласындағы маңызды проблемаларға назар аударды. Оның ішінде білікті кадрлардың тапшылығы аса өзекті екенін тілге тиек етіп, осы бағытта қажетті заңнамалық шараларды ұсынды.

Бибігүл Жексенбай заңсыз көші-конға қатысты сын-қатерлерге тоқталды. Сенатор шетелдік азаматтардың қозғалысын бақылауды күшейту және еңбек мигранттарын заңдастыру жүйесін дамыту керек деп есептейді.

Амангелді Нұғманов Үкіметті жеке қосалқы шаруашылықтарды экономикаға белсенді тарту арқылы ауылдық аумақтарды мемлекеттік қолдауды және олардың орнықты дамуын жақсартуды көздейтін шаралар қабылдауға шақырды.

Советбек Медебаев Ұлытау облысындағы түйткілдерге назар аударып, өңірде Полиция департаменті мен полиция қызметкерлеріне арналған медициналық мекеме ғимараттарын салу қажет екенін айтты.

МӘЖІЛІС

«МӘДЕНИЕТ ТУРАЛЫ» ЗАҢ ЖОБАСЫН ҚАРАЙДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.



Мәжілістің қарауына бірінші оқылымда депутаттар бастамашы болған «Пошта туралы» заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылды. Бұл өзгерістер пошта байланысы нарығын дамытуға, пошта жөнелтілімдерін жеткізу механизмдерін жеңілдетуге және жетілдіруге, поштоматтарды орналастыру тәртібін нақтылау мен пошта саласындағы уәкілетті органның қызметін жетілдіруге бағытталған.

Сонымен қатар Мәжіліске депутаттар әзірлеген «Мәдениет туралы» заңға өзгерістер енгізу жөніндегі тағы бір заң жобасын талқылау ұсынылады. Құжатта қазақ тілін мәдени құндылық ретінде сақтау және қорғау бойынша бірқатар заңнамалық шараны қабылдау көзделген. Сонымен қатар жастардың ғылыми және

білім беру әлеуетін ынталандыруға бағытталған нормалар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға тәлімгерлік институтын реттеу мәселелері енгізілген.

Мәжіліс күн тәртібінің жобасында дипломатиялық қызмет мәселелері жөніндегі заң жобалары, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер арасындағы Иранмен және Сингапурмен еркін сауда туралы келісімдерді ратификациялау туралы заң жобалары бар. Екінші оқылымда Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске өзгерістер мен толықтыруларды, сондай-ақ оларды Конституция нормаларына сәйкестендіру мәселелері бойынша түзетулерді талқылау ұсынылады.

ПАРИЖ КЕЛІСІМІ: ҚАЗАҚСТАН ҮЛЕСІ АЙҚЫНДАЛДЫ

Баку қаласында өткен БҰҰ-ның климат жөніндегі конференциясына 200-ге жуық елдің өкілдері қатысқан болатын. Бұл іс-шара – климаттық өзгерістермен күресуге бағытталған ұжымдық шешімдер қабылдаудың және компромистерді іздеудің маңызды құралы. Қазақстан COP-тың келесі жиынына дейін жаңа Ұлттық деңгейде айқындалатын үлесті әзірлеуі керек.

Бұл туралы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Климаттық саясат департаменті Климаттың өзгеруіне бейімделу басқармасының жетекшісі Шаттық Тастемірова айтты.

«БҰҰ негізгі климаттық саммиті – COP29-да Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан жаһандық климаттық мәселелерді шешуді қолдайтынын және 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптылығына қол жеткізуді мақсат етіп отырғанын айтты. Бұл – біздің еліміз үшін өте жоғары межелі мақсат. Біз жауапты орган ретінде жаһандық климаттық келіссөздерге қатысып отырамыз. Осындай маңызды келіссөздердің бірі

«климаттық қаржыландыру бойынша жаңа коллективті мақсатты анықтау» болды. Париж келісімі елдері 2035 жылға қарай дамушы елдерге климаттық міндеттемелерін орындау үшін жылына 300 млрд АҚШ долларын бөлу туралы келісімге келді», – деді ол.

Бұған дейін COP29 төрағалығы барлық тарапты 2035 жылға қарай климаттың өзгеруімен күресу үшін дамушы елдерді қаржыландыру көлемін 1,3 триллион долларға дейін ұлғайтуға шақырады.

Панельдік сессиялар аясында Қазақстан өкілдері проблемалық мәселелерді белгілеп қана қоймай, елімізде белсенді дамып келе жатқан бірқатар бастаманы таныстырды. Атап айтқанда, аграрлық сектор үшін тиімді шешім – топырақтың құнарлылығын қалпына келтіретін Ecosystemic Regenerative Agriculture (ERA) әдіснамасы ұсынылды. Сондай-ақ халықаралық жұртшылыққа Қазақстанның жанартылған ұлттық белгіленген үлесі шеңберінде іске асырылатын Қазақстандағы көміртекті жою саласындағы алғашқылардың бірі болып табылатын жоба таныстырылды (NDC 3.0).

Ә.МҰХАНБЕТ

БАҒДАР

30 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

«АМАНАТ»-қа 110 МЫҢНАН АСТАМ АЗАМАТ ЖҮГІНДІ



«АМАНАТ» Хатшысы Ержан Жылқыбаев партияның Республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесінде азаматтарды қабылдады. Ол офлайн және онлайн форматта түрлі өңірден жүгінген тұрғындардың өтініштерін назарға алды. Отандастарымыз жеке және жүйелі сипаттағы мәселелерді көтерді. Аталған мәселелерді шешу үшін заңнамаға тиісті өзгерістер енгізу қажет.

Астана қаласындағы «Үркер» тұрғын алабының тұрғыны Алла Кужатаева оқушыларға арналған аула клубын құрғанын және оған 100-ден астам бала қатысатынын айтты. Онда балақайлар хормен ән айтуды, шахмат ойнауды үйренеді. Сонымен қатар аталған клубта аспаздық үйірме де бар. Бүгінде аула клубы тап болған басты мәселенің бірі – қаржы тапшылығы.

«Аула клубымыз тегін жұмыс істейді. Оған ниет білдірген барлық балақай қатыса алады. Оқытушылар айына небәрі 60 мың теңге жалақыға жұмыс істейді. Бұл ең төменгі жалақы мөлшерінен де аз. Клубқа тұрмыс жағдайы нашар және аз қамтылған отбасылардың балалары да келеді. Сондықтан үйірмелер ақылы негізде болған жағдайда, балалар бос уақытын көшеде немесе телефонда өткізетіні анық. Мәселені шешу үшін біз нормативтік-құқықтық актіні қабылдап,

аула клубтарына ресми мәртебе беруді сұраймыз. Бәлкім сол кезде біз демеушілерге кіріптар болудың орнына, бюджет қаражатына арқа сүйер едік», – деді ол.

Бұған жауап ретінде «АМАНАТ» Хатшысы Ержан Жылқыбаев елорда тұрғынын партияның осы бағыттағы жоспарлы жұмысы туралы хабардар етті. Атап айтқанда, партияның Астана қалалық сайлауалды бағдарламасы аясында қала шетінде тұратын 2 мың бала мен жасөспірімге арналған 15 аула клубын ашу жоспарлануда. Ол аула клубтарының ресми мәртебесі туралы мәселе сарапшылар мен мемлекеттік органдардың өкілдерін тарта отырып, партия алаңында пысықталатынын жеткізді.

«Үркердің» тағы бір тұрғыны Әсем Жайсенбай әлеуметтік нысандар тапшылығы мәселесін көтерді. Оның айтуынша, аталған тұрғын үй алабындағы тұрғындар саны

100 мыңға жақындап қалды. Алайда осы күні небәрі 1 мектеп пен 1 емхана ғана бар. Осы жағдай тұрғындарға көп қолайсыздық туғызуға. Үркерліктер үшін құтқару қызметтерінің жұмысы да өзекті болып отыр. Тұрғын алабында жеке өрт сөндіру бөлімі жоқ. Төтенше жағдайға байланысты әрекет етудің нормативтік уақыты ең көбі 8 минутты құраса, Үркерге өрт сөндірушілер кемі 25 минутта жетеді.

«Өрт сөндіру депосының ашылуын 1 жылдан бері күтіп жүрміз. Мұндағы үйлердің басым көпшілігі пеш арқылы жылытылады. Әр қыс мезгілі сайын шамамен 10 үйде өрт болады. Уақытша шешім ретінде 2 көлікке арналған шағын өрт сөндіру бекетін құруды сұраймыз. Осы мақсатта – қараусыз қалған үйлердің бірін пайдалануға болар еді», – деді ол.

Партия Хатшысы бұл мәселені бақылауға алуды тапсырды. Яғни, Астана қаласының мәслихатындағы «АМАНАТ» партиясы фракциясының депутаттары өрт сөндіру бөлімін құруға бюджет қаражатын бөлу мүмкіндігін қарастыруы қажет.

Елордадағы Байқоңыр ауданының тұрғыны, қоғам қайраткері Гүлден Зиядина «Тұлпар» сауда үйі аумағындағы жеке үй тұрғындары 30 жыл бойы жоғары вольтты сым желілеріне тым жақын тұрып жатқандарын жеткізді. Осыған байланысты, ондағы тұрғындар онкологиялық, тыныс алу жолдары ауруларына және өзге де ауруларға жиі шалдығуда.

«Шын мәнінде, біз микротолқынды пеште өмір сүріп жатырмыз. Біз тап болған қиындыққа ұзақ уақыттан бері тиісті назар аударылмады. Қазір кейбір үйлер бұзылып, тұрғындар өтемақы алуда. Алайда бұл өте баяу жүріп жатыр. Сондай-ақ төленетін өтемақы мөлшері де мардымсыз дер едім. Бүгінде біз 110 мың вольт жүктемесімен құрайтын ұдайы сәулелену жағдайында өмір сүріп жатырмыз. Соның салдарынан, көп адам өмірден озып, кейбірі мүгедек атанды», – деді ол.

Ержан Жылқыбаев жағдайды зерделеу, азаматтарды көшпелі қабылдау өткізу және жергілікті тұрғындарға төленетін өтемақыны жеделдету мүмкіндігін қарастыру үшін партиялықтар, қалалық мәслихат депутаттары және әкімдік өкілдері қатарынан жедел комиссия құруды тапсырды.

Осы күні «АМАНАТ» Хатшысы өзге өңірлерден жүгінген азаматтарды да тыңдады. Атап айтқанда, жергілікті өкілді органдардың жұмысын жетілдіру, әсіресе мәслихат депутаттарының азаматтарды қабылдау санын арттыру мәселелеріне қатысты бірқатар ұсыныстар айтылды.

«Биыл мәслихат депутаттарының форумы барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтармен кері байланысты күшейту мәселесіне қатысты нақты тапсырма берді. Осы орайда партиямыздың қоғамдық қабылдау алаңдары тиімді құрал саналады. «АМАНАТ» партиясының қоғамдық қабылдауларына жүгініп, әділдік іздеген ел азаматтарының саны жыл санап артып келеді. Мәселен, партиямыздың «Құқықтық көмек» жобасы азаматтардың құқығын қорғауға көмектесуде. Оның аясында әрбір ниет білдіруші азамат кез келген мәселе бойынша тегін заңгерлік көмек алуда», – деді Ержан Жылқыбаев.

Еске сала кетейік, ел аумағында «АМАНАТ» партиясының 226 қоғамдық қабылдау алаңы жұмыс істейді. Оның ішінде, республикалық – 1, өңірлік – 20 және аумақтық – 205. Жалпы, биыл қоғамдық қабылдауларға 110 мыңнан астам адам жүгініп, 25 мыңға жуық азамат қабылданды. Барлық өтініштің 60%-ы оң шешілді.

Айта кетейік, «АМАНАТ»-тың кезектен тыс XXII Съезінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев партия жұмысын қайта жандандыруды тапсырып, партияның қоғамдық қабылдау бөлмелері шағымдармен ғана емес, елді дамыту бойынша нақты идеялармен келетін азаматтар үшін тартымды орынға айналуға тиіс екенін атап өтті.



«ТАЗА БЕЙСЕНБІ»: ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асып жатқан «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы аясында «АМАНАТ» партиясы қолға алған «Таза бейсенбі» экологиялық акциясы қоршаған ортаны қорғау және экологиялық мәдениетті арттыру мақсатында елдің әр өңірінде белсенді түрде өтуде. Бүгінге дейін эко акция аясында еліміз бойына 10 мың тоннадан астам қоқыс жиналып, қалдықтар қайта өңдеуге жіберілді. Игі іске бас-аяғы 50 мыңнан астам адам қатысты.

Ақтөбе облысында тазалық жұмыстары Ойыл ауданындағы Қаракемер мен Ақшатау ауылдары бағытында жалғасты. Аудандық мәслихат депутаттары, «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері және ауыл тұрғындары бірлесіп, 5 шақырым жол жиегін тұрмыстық қалдықтардан тазартты. Іс-шара барысында 1 тоннадан астам қоқыс жиналып, жергілікті тұрғындар табиғатты қорғауға өз үлестерін қосты.

«Бұл акция – туған өлкемізге деген қамқорлығымызды көрсетуге берілген мүмкіндік. Біз жастармен бірге қоршаған ортаны қорғау мәдениетін дамытуға және оны сақтаудың маңыздылығын дәріптеуге атсалысып келеміз. Табиғаттың тазалығы – елдің болашағы, ал оны сақтау баршамамыздың міндетіміз», – деді партияның Ойыл аудандық филиалының атқарушы хатшысы Еркін Жиеналин.

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласында да бұл бастама жалғасын тауып, «АМАНАТ» партиясы қалалық филиалының ұйымдастыруымен тазалық жұмыстары өтті. Іс-шара барысында Неке сарайы мен партия ғимараты маңындағы аумақтар қоқыстан тазартылып, қураған ағаштар кесіліп, арамшөптер жұлынды. Акцияға партия мүшелерімен қатар, еріктілер мен табиғат жанашырлары қатысты.

«Туған жерімізді таза ұстау – бәрімізге ортақ міндет. Мұндай іс-шара біздің азаматтық жауапкершілігімізді арттырып, экологиялық мәдениетімізді қалыптастырады. Біз бұл игі іс арқылы жастарды қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауға үйретеміз», – деді партияның Жаңаөзен қалалық филиалының атқарушы хатшысы Темір Мұсаев.

Түркістан облысында да акция ауқымды түрде өтті. Мырзакенттің жаңа аудан орталығы мәртебесінің иеленуімен түзілген «Тәуелсіздіктің 30 жылдығы» саябағында аманаттықтар күзгі тал егу жұмыстарына қатысып, елді мекендердің жаңаша келбетке ие болуына атсалысты. Акция барысында ауданның зиялы қауымы, депутаттар мен белсенді жастар бірігіп, көгелдандіру жұмысын атқарып қана қоймай, аумақты қоқыстан тазарту жұмыстарын да орындады.

«Ағаш отырғызу – әрбір адамның туған жер алдындағы борышы. Бұл тек табиғатқа қамқорлық емес, сонымен бірге біздің мәдениетіміздің, отаншылдық рухымыздың көрінісі. Әрбір отырғызылған тал – ел болашағына қалдырылған игі мұра», – деді Түркістан облыстық мәслихатының депутаты Қалыйма Жантөреева.

Ал Солтүстік Қазақстан облысында партия белсенділері М.Қозыбаев атындағы



университет аумағында орналасқан тарихи ғимаратты қардан тазартты. Игі іске 30-дан астам адам қатысты. Олардың қатарында студенттер, партияның өңірлік филиалының өкілдері және «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері бар. Бар-жоғы бір сағат ішінде аумақ қардан тазартылып, тұрғындардың жүріп-тұруына ыңғайлы жағдай жасалды.

«Қаламыздың дамуына үлес қосып, осындай игі шараларға қатысу – біз үшін үлкен мәртебе. Мұндай акциялар қоршаған ортаны таза ұстаумен қатар, тұрғындар арасында бірлік пен ынтымақты нығайтады», – деп атап өтті «АМАНАТ» партиясының «Болашақ» филиалының атқарушы хатшысы Александр Зель.

Қызылорда облысында да «Таза бейсенбі» экологиялық акциясы жоғары деңгейде өтті. Жалағаш ауданында ұйымдастырылған іс-шараға 70-тен астам адам қатысты. Олар

Рахимов көшесінің бойындағы қураған шөптерді шауып, ағаштарды өктеп, тазалық жұмыстарын жүргізді. Акцияға аудандық мәслихат депутаттары, мемлекеттік қызметкерлер мен партия мүшелері қатысты.

«Бұл тек тазалық шарасы емес, жастарға экологиялық мәдениет қалыптастырудың, туған өлкеге қамқорлық көрсетудің көрнекті үлгісі. Табиғат тазалығы – елдің өркендеуі үшін маңызды бағыттардың бірі», – деді акцияға қатысқан волонтер Ерік Айдосұлы.

Еліміздің түкпір-түкпірінде өтіп жатқан бұл акциялар экологиялық мәдениетті арттырып қана қоймай, қоғамды бірлікке үндеп, табиғатқа деген жауапкершілікті күшейтуде. «АМАНАТ» партиясы алдағы уақытта да туған өлкені таза, көрікті етіп сақтау бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыратын болады.

НАРЫҚ

30 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

Астанада тәуелсіз сарапшылар Мемлекет басшысының экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы Жарлығын іске асыру барысын талқылады. Биыл мамырда жарияланған құжат елдің экономикалық әлеуетін кеңейтуге және бизнес ахуалын жақсартуға бағытталған. Сондай-ақ құрылымдық экономикалық және құқықтық реформаларды жеделдету мақсатында дайындалған еді. Шараға қатысқан сарапшылар бұл маңызды құжат экономиканы одан әрі ырықтандырудың негізгі бағыттарын белгілеп бергенін атап өтті.



ЖАРЛЫҚ ЖЕКЕ СЕКТОРҒА

ДЕМ БЕРСЕ ДЕЙМІЗ...

А **Кәмила**
ЕРКІН

Бірінші бағыт – жекешелендіруге жол ашып, мемлекеттік кәсіпорындардың өсуіне жол бермеу арқылы экономикадағы мемлекеттік сектордың үлесін қысқарту. Екіншіден, «Самұрық-Қазынадағы» корпоративтік басқаруды жетілдіру және нарықтың барлық субъектілеріне тең жағдай жасау. Одан бөлек, қаржы нарықтарында адал бәсекелестікті қамтамасыз етіп, кәсіпкерлік еркіндіктің негізгі қағидаттарын жүзеге асыру.

Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің (БҚДА) төрағасы Марат Омаровтың айтуынша, әділ бәсекелестіктің дамуына негізгі кедергілердің бірі – мемлекеттің экономикаға шамадан тыс араласуы және мемлекеттік органдардың іс-әрекетінен туындайтын тосқауылдар болып табылады. Яғни, мемлекет жеке кәсіпкерлікке қолайсыз жағдай туындату және орынсыз тексерістер арқылы бәсекелестікке кері әсерін тигізуде. Сонымен қатар мемлекеттік мекемелер кәсіпкерлерге артық бюрократиялық талаптар немесе күрделі рәсімдер енгізу арқылы қолдан кедергі келтіріп, кәсіпкерліктің дамуына және әділ нарықтық қатынастың қалыптасуына тосқауыл болуда. Оларды шешу үшін жекешелендіруді жеделдету қажет. Осы мақсатта биылғы жылдың маусым айында агенттік жанынан Жекешелендіру жөніндегі Ұлттық кеңсе құрылған болатын.

Бүгінде агенттікке қарасты осы кеңсе тарапынан тауар нарықтарына бастапқы талдау жүргізіліп, нәтижесінде 500-ге жуық кәсіпорын алдын ала іріктелгені белгілі болды. Спикердің сөзінше, жекешелендіру үшін жобаларды іріктеу бойынша жана әдістеме әзірленген. Бұрын бұл процесті әртүрлі мемлекеттік органдар қарап, шешім қабылдау ұзақ уақыт алса, енді БҚДА тізімді бірден Реформалар жөніндегі жоғары кеңеске жібереді. Сол жерде Мемлекет басшысы деңгейінде соңғы шешім қабылданады. Бұл өзгеріс жекешелендіру процесін тездетіп, оңайлатады және артық қағазбастылықты болдырмайды. Мұндай жаңалық процесті едәуір жеңілдетуге, бұрын басқа мемлекеттік органдар құрған бюрократиялық кедергілерден жедел өтуге мүмкіндік бермек. Ендігі жерде жекешелендіруге өтім беру қағидаты енгізілген соң жеке сектордағы объектілер өздері өтімді беруге мүмкіндік алады. Сонымен қатар 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін квазимемлекеттік сектор субъектілерін құруға мораторий енгізілді.

Тағы бір айта кетерлік іс – заңнамалық түзетулер. Бұл монополияға қарсы органға

жаңадан құрылып жатқан мемлекеттік кәсіпорындардың ғана емес, бұрыннан бар кәсіпорындардың қызметін бәсекелестік қағидаттарын бұзу тұрғысынан қарауға мүмкіндік береді.

Талқылау барысында бірқатар сыни пікірлер де айтылды. Атап айтқанда, жекешелендіру қарқыны соңғы кезде айтарлықтай төмендеген. Сарапшылар арасында бұл үлкен алаңдаушылық туғызды. Мамандардың пікірінше, активтерді жеке сектордан мемлекетке қайтару («заңсыз активтерді қайтару бойынша») және «Самұрық-Қазына» мен оның еншілес компанияларының энергетикалық жобаларға белсенді қатысуы мемлекеттің экономикадағы рөлін күшейтеді, ал бұл ырықтандыру идеясына қайшы. Екібастұз ЖЭО сияқты нысандардың қайтарылуы жеке секторды әлсіретеді. Бұл Жарлықта көзделген мақсаттар мен нақты экономикалық саясат арасында диссонанс тудыратын

ғаларын жою жөніндегі норма пысықталды. Агенттік өкілінің пікірінше, бұл бағаны реттеуден аулақ болу үшін сигнал. Дәл осындай өзгерістер қазір фармацевтикалық нарықта қарастырылуда.

Бұдан әрі «Самұрық-Қазына» қорының даму және жекешелендіру жөніндегі басқарушы директоры Салтанат Сатжан жекешелендіру және корпоративтік басқару бойынша шараларға талдау жүргізді. Сөз барысында қор агентігімен бірлесіп 2025 жылы Жекешелендіру жөніндегі кешенді жоспарды жүзеге асыратыны белгілі болды. Алайда тариф бағасының төмен болуы салдарынан қордың ірі активтерін жекешелендіру жеке сектор үшін тиімсіз болып отыр. Қор өкілінің пікірінше, инфляция мен қызмет тұтынушылар шығынының күрт өсіп кетпеуі үшін және әлеуметтік наразылықты туындасын десек, тарифтер құнын біртіндеп арттыру қажет.

«**Әділ бәсекелестіктің дамуына негізгі кедергілердің бірі – мемлекеттің экономикаға шамадан тыс араласуы және мемлекеттік органдардың іс-әрекетінен туындайтын тосқауылдар болып табылады. Яғни, мемлекет жеке кәсіпкерлікке қолайсыз жағдай туындату және орынсыз тексерістер арқылы бәсекелестікке кері әсерін тигізуде.**»

мемлекеттік бақылаудың кеңейіп жатқанының көрінісі. Нәтижесінде, мемлекеттің экономикадағы үлесі жоғары болып қала бермек, ал мемлекеттік құрылымдарды басқаруға берілген активтер өсе береді. Үкімет Жарлықтың орындалуы туралы есеп бермесе, бұл көнілге күдік ұялатады.

Сонымен қатар «Алтыншы антимонополиялық пакет» Жаңа заң жобасы антимонополиялық органға (БҚДА) тек жаңа құрылатын мемлекеттік кәсіпорындардың ғана емес, сонымен қатар бұрыннан бар мемлекеттік кәсіпорындардың да әрекеттерін тексеруге мүмкіндік беріп отыр. Яғни, бұл ұйымдардың бәсекелестік ережелеріне сай жұмыс істеп жатқанын анықтау үшін олардың қызметіне талдау жүргізеді.

Жарлықтың басқа бағыттары бойынша агенттік төрағасы мынадай өзгерістерді атап өтті. Баға төрелігін және осыған байланысты нарықта туындайтын теңгерімсіздіктерді болдырмау үшін жанар-жағармай шекті ба-

қазір Жарлық шараларын орындау үшін жеткілікті күш жұмсалмай отырғанын айта келе, мынадай негізгі мәселелерге тоқталды:

«Осыған дейін Жарлық бойынша бірде-бір Үкімет отырысы өткізілмеді, сондай-ақ баспасөзге, сарапшыларға және жалпы жұртшылыққа түсіндіру жұмыстары жүргізілген жоқ. 2029 жылға дейінгі жаңартылған Ұлттық даму жоспары Жарлықта көзделгендей мемлекеттің экономикадағы рөлін едәуір және жеделдетіп төмендету үшін шаралар ұсынады деп күткен едік. Алайда 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында мемлекеттің экономикадағы үлесін азайту және экономиканы ырықтандыруға байланысты нақты көрсеткіштер болмай шықты. Сонымен қатар жүзеге асыру мерзімі 2024 жылдың 18 қазанында аяқталатын Жарлықта қарастырылған бірқатар шаралардың орындалуы туралы мәліметтер жеткіліксіз», – деп түйіндеді М.Темірханов.

Пікірталас барысында мамандар бүгінде негізгі проблема Жарлық шараларын жүзеге асыру үшін біртұтас тәсілдің жоқтығы деген тоқтамға келді. Әсіресе, сарапшылар активтердің құнын арттырудың орнына инвестициялық компанияларға тән емес міндеттерді (Әлеуметтік, бюджеттік және тағы басқа) орындағаны үшін «Самұрық-Қазынаның» қызметін сынға алды. Премьер-Министрдің Қордың директорлар кеңесін басқаруы мүдделер қақтығысын күшейте түсті, себебі бұл Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының корпоративтік басқару стандарттарына қайшы келеді. Қор қаражаты Үкіметке дивиденд ретінде төленудің орнына мемлекеттің әлеуметтік жобаларына, мысалы, жайлы мектептер мен спорттық орталықтар салуға жұмсалуда. Егер қаражат Үкіметке берілсе, бюджет бекіту барысында Үкімет белгілі бір есеп берер еді. Қазіргі жағдайда сатып алулардың қалай жүргізілетіні түсініксіз әрі депутаттар алдында да ешқандай есеп берілмейді.

Екі тараптың ортақ мәмілеге келген тұсы – инвестициялық жобалардың тартымдылығын арттыру үшін тарифтерді көтеру қажеттігі болды. Алайда тарифтерді көтеруден түскен қосымша кірістер қалай пайдаланылады деген сұрақ жауапсыз қалып отыр. Тәуелсіз сарапшы, қаржыгер Андрей Чеботарев бұл туралы өзінің эксперттік парақшасында инфрақұрылымды жаңғыртуға ұзақмерзімді инвестициялар мен әділ әрі ашық корпоративтік басқару қажеттігіне назар аударды. Әйтпесе, инфрақұрылым эксплуатациясының жай-күйі уақыт өткен сайын нашарлай түспек.

«Мәселен, ҚТЖ жағдайын еске алсақ, соңғы екі жылда тарифтер 24%-ға өскеніне қарамастан, компанияның орасан зор қарыздары әрі қарай да арта түскенін көреміз. «Кедентранссервис» және ҚТЖ-Экспресс сынды ҚТЖ-ның еншілес компаниялары жеке сектордың жұмысын қайталау, Yellow Pages (мемлекеттік кәсіпорындардың жеке сектормен арақатынасы – ред.) ережелерін бұзып отыр. Сондықтан бұл компанияларды жекеменшікке өткізуге ерекше назар аударылуға қажет. Бұл қадам олардың бәсекелестік ортада дербес жұмыс істеуіне және мемлекеттік араласуды азайтуға мүмкіндік береді», – дейді ол.

Сонымен қатар сарапшы тарифтік саясатты реформалау кезінде атаулы әлеуметтік қолдаудың маңыздылығын ескерген жөн дейді. Әсіресе, нарықтық тетіктерге қарама-қайшы келетін «әмбебап субсидиялардың» орнына мұндай әлеуметтік көмек халықтың осал топтарына бағытталуы керек. Сондай-ақ экономиканы либералдандыру үшін реттеуші нормаларды жеңілдеткен абзал.

Қорытындылай айтсақ, экономиканы ырықтандыру туралы Жарлықта көрсетілген межеге қол жеткізу үшін елімізде шешуші реформалар қабылдап, мемлекеттің экономикадағы үлесін қысқарту, корпоративтік басқаруды жақсарту және тарифтік кірістерді ашық бөлу қажет. Бұл шаралар жүзеге аспаған жағдайда, өршіл жоспарларға қарамастан экономикалық мақсаттардың жүзеге аспай қалу қаупі жоғары.



САПАЛЫ ЖОЛ

елдің құрметі

А Айхан ШӘРІП

(Басы 1-бетте)

Мұның сыртында жол құрылысының сапасына қатысты түйткілді мәселе де күн тәртібінде күйіп тұр. Премьер өңірлерге сапарында бұған өзі көз жеткізіпті. Олжас Бектенов жолдардың жағдайына көңіл толмастық білдірілген арыздар асау орнына көбейгенін, шағымның басым бөлігіне жергілікті жолдар негіз болғанын қадап айтты.

Яғни, халық өзі жүретін жолдардың сапасын қоғамдық бақылауға дайын. Сол үшін e-joldag платформасы іске қосылады. Көлік министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті төрағасының орынбасары Анар Ғабдуллинаның айтуынша, тұғырнама 2025 жылы пилоттық режимде сынақтан өтеді. 2026 жылы толығымен ел игілігіне тапсырылады.

— Автожол жобаларының жүзеге асуына қоғамдық мониторингті күшейту үшін e-joldag бірінші цифрлық платформасы қолданысқа енгізіледі. Онда қандай жолдарда: республикалық трассалардан бастап, тіпті қала көшелерінің қайсысында салу немесе жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқаны туралы барлық ақпарат көрсетіледі. Платформа жұмыстарды жоспарлау, сапаны бақылау, қаражатты мақсатты пайдалану сияқты бағыттарды қамтиды. Жолдардың ұзындығы мен құны, олардың жай-күйі туралы деректер жарияланады. Барлық дерек ашық әрі қолжетімді болады, — деді Анар Момынғазықызы.

Қоғамдық бақылауды арттыру өте маңызды. Себебі алда Қазақстан шетелден мол қарыз қаражат тартағын ірі жобалар басталады.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы 2024 жылғы 15 наурызда өткен Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында тек ірі магистралдармен шектеле бермей, ауыл-аймақтағы жолдарға да мән беруді тапсырды. Соның нәтижесінде, Президенттің пайымдауына, елді мекендерге көлікпен қатынау едәуір жеңілдейді. Ауыл-қала тұрғындарының өзара барыс-келісі жанданып, бизнестің белсенділігі артады.

Көлік министрі Марат Қарабаевтың айтуынша, шынында да бұған дейін қаражат негізінен халықаралық дәліздер мен ірі күрежолдарға бағытталып келді. Салдарынан облысаралық республикалық жолдар көп жылдан тіпті жөндеу жұмыстарымен қамтылмаған. Күрмеулі мәселені түбегейлі шешу үшін облыстардың арасымен шектелетін республикалық деңгейдегі 7 мың шақырым жолды қайта салу және реконструкциялау бойынша ауқымды жобалар қолға алынды.

Оның басым бөлігі келесі жылдың еншісіне түсіп тұр. Министрдің дерегіне, биыл «Қазақстан даму банкінің» кредит қаражаты есебінен аталған жолдардың 2,5 мың шақырымын орташа жөндеу жұмыстары басталды. Басым бөлігіндегі, 4,5 мың шақырымындағы жұмыстар 2025 жылы қолға алынады.

ЕЛ БІРЛІГІН КҮШЕЙТЕТІН ҮШ ІРІ ЖОБА

Бұл жобалардың қатарына 20 жылдан бері жөндеу кезегін күтіп отырған, жолы

ойдым-ойдым, шоқалаққа толы «Жезқазған – Петропавл», «Шалқар – Қандығаш», «Қарағанды – Қарқаралы», «Семей – Қайнар» және «Семей – Барнаул» сияқты ірі жобалар кіріпті. Жоба жөнін тауып, ісі өрге басса, алдағы уақытта еліміздің облыстарының бір-бірімен қатынасы жақсаруға тиіс. Жасыратыны жоқ, әйтпесе, халықаралық дәліздердің басымдықты дамытылуы нәтижесінде мысалы, еліміздің солтүстік өңірлерінің тұрғындарына оңтүстік немесе Батыс Қазақстанға емес, көрші Ресейдің аймақтарына сапарлау әлдеқайда жеңіл болып тұр.

Алайда бұл енді халықаралық дәліздерге көңіл бөлінбейді деген сөз емес. Биыл, әрине оларға қатысты бұрынғы жылдары басталған ірі жобалардың басым көпшілігі аяқталып жатыр. Сонымен бірге Үкімет елдің транзиттік әлеуетін одан ары жақсартатын жана жобаларды дайындады. Бағдарламалық құжаттарға сәйкес, 2025 жылдан бастап 2029 жылға дейін жалпы ұзындығы 4,5 мың шақырым болатын 12 ірі жобаны іске асыру көзделген.

Көлік министрлігінің дерегіне, қазір жобалық құжаттары жазылып, қаржы көздері мен оларды тарту тетіктері пысықталып жатыр. Бұл жобалардың үшеуінің әзірлігі жоғары.

Біріншісі – жалпы ұзындығы 572 шақырымды құрайтын «Қарағанды – Жезқазған». Бұл жоба тек екі облыс орталығын қосып қоймай, сондай-ақ елдің солтүстігінен және шығысынан келетін жұқ тасымалын Транскаспий халықаралық көлік бағытына (ТХКБ) қосуға септеседі. Жобаны қаржыландыру көзі айқындалды: Халықаралық қайта құру және даму банкінен несиелі алынады. Мердігерлерді анықтау бойынша конкурстық рәсімдер жүріп жатыр.

Екінші жана жоба – соңғы кезде жүргізушілер тарапынан жиі сынға ұшыраған, ұзындығы 262 шақырымдық «Ақтөбе – Ұлғайсын» жобасы. Ол «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» дәлізінің құрамдас бөлігі. Дәліздегі қозғалыс қарқындылығының күрт өсуіне байланысты жобада 4 жолақты жана автомобиль жолы салынады. Биыл 28 шақырымында құрылыс басталды. Негізгі жұмыстар келесі жылға тиесілі. Қаржыландыру көзі ретінде Еуропа қайта құру және даму банкі таңдалды.

Үшінші ірі жоба – ұзындығы 102 шақырымдық Сарыағаш қаласының айналма жолы. Жаңа жол Түркістан облысының 2 ауданын қамтып, транзиттік көліктердің Сарыағаш, Абай, Қызыләскер және Амангелді елді мекендеріне кірмей, шаңға бөкпей, оларды алыстан орағыта өтуін қамтамасыз етеді. Жобаның құжаттары дайын. Оған қарыз Азия даму банкіне алынбақ. Негізгі құрылыс жұмыстары 2025 жылы басталады.

Ресми мәліметке жүгінсек, Қазақстанда бүкіл автожолының жалпы ұзындығы 95 мың шақырымды құрайды. Оның 25 мың шақырымы ғана республикалық. Қалған 70 мыңдайы жергілікті жолдарға жатады. Қазір нормативке сәйкес келетін республикалық жолдардың үлесі – 92%, ал жергілікті желінің осы көрсеткіші – 87%. Бұлар биылғы жыл соңына дейін тиісінше 93% және 89%-ға жеткізілуі тиіс. Келесі жылы да көрсеткіштері ұлғаятын болады.

САПА ӨРІСІ ИННОВАЦИЯМЕН КЕҢЕЙДІ

Елімізде жол инфрақұрылымын жақсартып, дамыған ел стандартына жеткізу үшін жол құрылысына міндетті түрде инновациялық технологиялар енгізілуі қажет. Онсыз жана төселген асфальт келесі көктемде қармен-мұзбен бірге еріп, ел қаржысы заяға кетеді. Осы орайда Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарында стабилизаторларды тестілеу және топыраққа талдау жасау зерттеулері бастау алды. Соның нәтижесінде республикадағы түрлі климаттық аймақтарда қандай материал пайдалануға болатыны нақты анықталуға тиіс.

Сонымен қатар ел Үкіметі техногендік қалдықтардың жол желісін дамытуға пайдаланылатынын жариялады. Ғалымдардың түсіндіруінше, глинозем өндірісінің боксит шламының қалдығы, бокситтік үйінді тұнбалары жолдар салуда және құрылыс жұмыстарының басқа түрлерін іске асыруда, құрылыс материалдарын, конструкцияларын өндіруде қолдануға болады. Мысалы, боксит шламы жолдардың беріктігін арттырады, қымбат материалдарды аз жұмсап, үнемдеуге, сөйтіп, шығынын азайтуға мүмкіндік береді екен.

Бұл саладағы елдің мұрат-мақсаты өршіл көрінеді. ҚазжолҒЗИ ғалымдары мен сала мамандарының тұжырымдауына, жол саласы Қазақстанды, бүкіл Ұлы даланы қатты техногендік қалдықтардың өткен ғасырдан бері қордаланған барлық дерлік көлемінен арылтуға қауқарлы!

— Қазақстан жерінде сонау кеңес заманынан бері республикалық тау-кен өндіруші, руда өңдеуші және металлургиялық кәсіпорындар шығарған шамамен 55 миллиард тонна қалдығы жинақталған. Елестетіп көріңіз, оларды тиіп, тасу үшін 1 миллиардқа жуық (916 миллион) жартылай вагон қажет болар еді! Бұл тізбекпен Жер ғаламшарының экваторда 300 рет орап шығуға болады. Жыл сайын өндірілетін қалдықтардың өз планетамызды 7 рет орап тастауға жетеді. Бұл жерде жылу-электр энергетикалық кәсіпорындар шығаратын күл, басқа да қаптанған қалдықтарын есепке алмай отырмыз, — деп проблеманың ауқымын түсіндірді Экология министрлігі жанындағы Қор-

шаған ортаны қорғау ақпараттық-сараптамалық орталығының бас директоры Жанат Самат.

Міне, осы қалдықтың бәрі болмағанымен, үлкен бөлігі өңдеп, жол құрылысында пайдалануға жарайды. Мәселен, ғалымдар бірқатар қалдықты сапалы әрі арзан жол құрылысы материалдарына айналдыратын технологияны әзірлеп шықты. Оларды пайдалану біріншіден, қазақ еліндегі нашарлаған экологиялық ахуалды жақсартады. Екіншіден, жол жабынғысының сапасын арттырады. Үшіншіден, удай қымбат жол құрылысы жобаларының бағасын арзандата алады. Төртіншіден, мердігерлердің логистика мен құрылыс материалдарына кететін шығынын қысқартады.


— Осыған байланысты ҚазжолҒЗИ өнеркәсіптік қалдықтарды зерттеу және сынау жұмыстарын жүргізіп жатыр. Біз қалдықтар негізінде модификацияланған минералды ұнтақ жасап шықтық. Онда Алматы жылу-электр орталығының күлін, Теміртаудан әкелінген шлам мен шлақты пайдаланамыз. Техногендік шикізатты қолдану саласын кеңейту жайы пысықталып жатыр. Оны жол ұстындарының жоғары қабатына және асфальтбетон жабынғыларының төменгі қабатына арналған материал ретінде қолдануға болады. Осы мақсатта ERG, Qarmet, KazPhosphate ұйымдарымен меморандум бекітілді, — деді ҚазжолҒЗИ ғылым басқармасының басшысы Қайрат Мұхамбетқалиев.

Техногендік қалдықтарды жол құрылысында кәдеге жарату үшін жуықта ҚазжолҒЗИ және «Қазжолінновация» ЖШС ғалымдары «Павлодар – Семей – Қалбатау» және «Омск – Майқапшағай» жолында эксперимент жүргізіп, жол салуда алюминий өндірісінің қалдығы саналатын боксит шламын қолданды. Зертханалық зерттеулер көрсеткендей, бұл материал қолданылған жол телімдері дәстүрлі материалдармен салынғанына қарағанда 2-3 есе берік болып шықты.

Бизнес әр басқан қадамынан, тіпті қалдығынан пайда табуға ұмтылады. Сондықтан олар қазақ жерін ұлап жатқан қалдықтарын бұлдамай, тегін беруі үшін Үкіметтің пәрмені керек. Көлік министрлігінің бастамасымен арнайы жұмыс тобы құрылды, Жол картасы бекітілді. Алайда Қазақстанның жол ғылыми-зерттеу институты өкілінің айтуынша, Энергетика, Өнеркәсіп министрліктері де сырт қала бермей, осы іске жұмылуы қажет. Өйткені елдегі қалдықтардың үлкен бөлігі солардың балансында тұр, күлтөкпелерінде жатыр.

Институттың дерегіне, республикада 47 миллиард тоннадан астам қалдықты 100 мың шақырымдай автокөлік жолын салуға пайдалануға болады. Бұл – ұлан-ғайыр ресурс. Жоғарыда айтылғандай, бүгінде еліміздегі бүкіл жолдың ұзындығы 95 мың шақырымдай ғана. Демек, оны екі есе ұзартуға болады. Онсыз ел Үкіметі 2030 жылға дейін 8 мың шақырымдай ғана жаңа жол салуды жоспарлап отыр. Ендеше жол саласы елді өркендету, жеріміздің тұтастығын нығайту, транзитті дамыту, экспортты арттыру, тау-тау қалдықтан арылу, экологияны жақсарту сияқты көптеген мәселенің шешімін тауып беруге қабілетті.

Өз кезегінде Үкімет саладағы инновациялық технологиялардың өнімдері, отандық ғалымдардың өнертабыстары негізінде Жол құрылысы материалдары мен технологияларының бірінші базасын түзіп жатыр. Бұл да бүкіл елдегі жол сапасын жоғарылату бағытындағы маңызды қадам. Мұнда «сары» және «жасыл» мәртебе алған, тексерістен өткен, сапа мен қауіпсіздік стандарттарына сәйкестігін растаған отандық әзірлемелерге басты назар аударылады.



САПАР

30 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаевпен бірге Португалия Республикасына сапар жасаудың реті келді. Делегация құрамында сенаторлар Сұлтанбек Мәкежанов, Жанна Асанова, Закиржан Кузиев бар. Жол ұзақ. Жолай Ыстанбұл арқылы аялдап, одан ары тура ұшқанның өзінде он бір сағат уақыт кетеді екен. Қазақ «жердің бір шеті» дейтін еді... Тап солай екен. Лиссабон қаласы, біз тоқтаған Кашкайш қалашығы да жердің қиыр шетіндегі соңғы нүктеде орналасқан. Ар жағы – Атлант мұхиты.

Португал Республикасының территориясы – 88,889 шаршы шақырым. Бұл аумаққа Мадейра және Азор аралдары тиісінше (741 ш. шақырым және 92,2 мың ш. шақырым) қоса кіреді. Астанасы – Лиссабон. Халқының саны – 10,63 млн адам. Португалдықтардың басым бөлігі Бразилия, Франция, Венесуэла, Канада, Германия, Испания, Люксембург және Қытайда көбірек шоғырланған. Елдің 80 пайызы католик дінін ұстанады. Еврейлер мен мұсылмандар 0,6 пайызды құрайды.

Португалия 18 округтен, яғни диштрикт деп аталатын аймақтар мен 308 муниципалды аудандан тұрады. Азор және Мадейра аралдары – өзіндік саяси-әкімшілік және шаруашылық дербестігі бар автономды аймақтар. Бұл екі аралдың салық жүйесі де бөлек. Әйгілі Криштиан Роналду Мадейра аралында дүниеге келген.

Парламенттік-президенттік республика санатындағы Португалияда Мемлекет басшысы – Президент бес жылға сайланады, сонымен бірге ол Жоғары бас қолбасшы ретінде саналады. Президент Премьер-министрді тағайындайды және Парламентті тарату құқығына ие. 2021 жылғы сайлауда ел Президенті болып социал-демократ Марседу Ребелу де Соуза сайланған. Заң шығару билігі бірпалаталы Парламентке – Республика Ассамблеясына тиесілі. Парламент депутаттары партиялық тізіммен 4 жылға сайланады. Атқарушы билікті Премьер-министр басқаратын Министрлер кабинеті жүзеге асырады. Премьер лауазымына сайлауда жеңіске жеткен саяси партия лидері тағайындалады.

Ұшақтан түскен бетте біздің Төраға палата Спикері Португалия Ассамблеясының Төрағасы Жозе Педро Агиар-Бранкумен кездесті. Мәулен Сағатханұлы бірден ағылшын тілінде Ассамблея Төрағасымен емен-жарқын сөйлесті. Екі ел ынтымақтастығының өзекті мәселелері жөнінде өте мәнді әңгіме өрбіді. Парламентарлық байланыс екіжақты өзара іс-қимылды одан әрі нығайтудың маңызды тетігі екенін айтты.

Быттыр БҰҰ Бас Ассамблеясының сессиясында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Португалия Президенті Марсело Ребело де Соузаның кездесіп, өзара ынтымақтастықты нығайту туралы сөйлескен еді. Бұл жолғы кездесу де екі елдің басшылары белгілеп берген бағыттарды одан әрі тереңдету тусуе ықпал етері анық. Осы ретте Парламентарлық Одақ және ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясы сияқты халықаралық парламенттік ұйымдар аясында да жүйелі жұмыс жүргізуге дайын екенін жеткізді.

– Парламентарлық ынтымақтастық – Қазақстан мен Португалия арасындағы екіжақты қарым-қатынастың ажырамас бір бөлшегі. Сондықтан достық топтарына мүше депутаттардың өзара сапарларын ұйымдастыру және

Сенат пен Ассамблеяның салалық комитеттері арасында байланыс орнату айрықша мәнге ие. Мұндай қадам парламентарлық ынтымақтастықтың дамуына айтарлықтай үлес қосады. Осы орайда біз Португалияның заң шығару қызметіндегі әлеуметтік-экономикалық дамуды құқықтық тұрғыдан қолдау және парламенттік бақылауды қамтамасыз ету бағыттарындағы тәжірибе-

сіне қызығушылық танытамыз. Сондай-ақ португалиялық әріптестерімізбен Парламентарлық Одақ және ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясы сияқты халықаралық парламенттік ұйымдар аясында ынтымақтастықты нығайтуға мүдделіміз. Бүгінгі кездесу Қазақстан Парламенті мен Португалия Ассамблеясы арасындағы байланыстарды одан әрі дамытуға тын серпін береді деп сенемін, – деді Мәулен Әшімбаев. Сенат Төрағасы сөз арасында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Қазақстанда саяси және әлеуметтік-экономикалық салаларда жүргізіліп жатқан кешенді өзгерістер жөнінде және Конституциямызға түзетулер енгізу жөніндегі референдумның қорытындыларын, Парламент және мәслихаттар сайлауының нәтижелері туралы толық ақпарат берді.

Екі ел арасындағы сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланысты кеңейту мәселелері назардан тыс қалмады. Әсіресе, «жасыл» экономика, инфрақұрылым, көлік және логистика, ауыл шаруашылығы, ғылыми-технологиялық қызмет сияқты салаларда бірлескен жобаларды іске асыру жөнінде ұсыныстар ортаға салынды. Сондай-ақ тараптар білім беру, туризм және цифрландыру бағыттарындағы серіктестікті одан әрі кеңейтуге қатысты пікір алмасты.

«Португалия жасыл энергетика бойынша Еуропа елдері арасында көшбасшы екені белгілі. Біз сіздердің жаңартылатын энергия көздеріне қатысты тәжірибелеріңізге ерекше қызығушылық танытып отырмыз. Қазақстан Метан жөніндегі жаһандық келісімге қосылды. Сондай-ақ 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізуді көздеп отыр. Португалия бұл межеге 2045 жылға қарай жетуді мақсат тұтып отырғанын білеміз. Біздер үшін осы саладағы заңнамалық тәжірибелеріңіздің маңызы зор. Алдағы уақытта екі ел де басымдық беріп отырған аталған бағытта нәтижелі ынтымақтастық орнатамыз деп үміттенеміз», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сенат Төрағасы, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезі Хатшылығының басшысы Мәулен Әшімбаев Португалия Республикасына сапары аясында БҰҰ Өркениеттер Альянсының 10-шы Жаһандық форумна қатысты. Іс-шара барысында адамзатты алаңдатқан өзекті проблемалар және оларды



ӨРКЕНИЕТТЕР АЛЬЯНСЫ: ӨЗЕГІ ТЕҢ,

еңсеру жолдарын жетілдіру мәселелері талқыланды. Сондай-ақ палата Спикері Форум алаңында БҰҰ Бас хатшысы Антонио Гутерришпен кездесті. Онда тараптар Қазақстанның БҰҰ-мен жан-жақты ынтымақтастығының басым бағыттарына назар аударды және Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу жолындағы проблемалар мен қазіргі таңдағы өзекті сын-қатерлерді талқылады.

«Қазақстан БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуде әлемдік қоғамдастықтың қалып келе жатқанына алаңдаушылық білдіреді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей, Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу – біздің ұлттық басымдығымыз. Соңғы онжылдықтағы айтарлықтай жетістіктерге қарамастан, жаһандық сын-қатерлер даму қарқынының баяулауына әкеліп соқты. Сондықтан алдағы онжылдықта маңызды нәтижелерге қол жеткізу үшін бірлесіп, бешуші қадам жасаудың мәні зор. Бүгінде Қазақстанда даму мақсаттарына сай бастамалар белсенді түрде іске асырылып келеді. Әсіресе, білім беру, денсаулық сақтау және экологиялық тұрақтылық салаларындағы игі істерді айрықша атап өткен жөн. Осы бағытта тәжірибе, білім және ресурстар алмасу арқылы біз барынша әділетті әрі дамыған әлем қалыптастыру жолында бірлесіп нәтижелі жұмыс істейміз деп сенеміз», – деп, Сенат Төрағасы ОДМ-ның іске асырылуына мониторинг жүргізу және басқа да бағыттар бойынша Парламенттің қызметі жөнінде айтты.

Мәулен Әшімбаев Антонио Гутерришке Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан 2025 жылғы 17-18 қыркүйекте Астанада өтетін «Діндер диалогы: болашақ жолындағы синергия» атты Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VIII съезіне шақыруды табыс етті.

Өз кезегінде БҰҰ Бас хатшысы Мемлекет басшысының орнықты даму бойынша жүргізіп келе жатқан саясатын жоғары бағалап, Қазақстанның жаһандық деңгейде бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуді көздейтін бастамаларын одан әрі қолдауға дайын екенін білдірді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Өркениеттер Альянсы деген ұйымы бар. Мұны құру туралы алғаш бастама жасаған Испания Премьер-министрі Хосе Луисом Родригесом Сапатеро болатын. Ол 2005 жылы

БҰҰ Бас Ассамблеясының 59-шы сессиясында осындай ұсыныс жасаған еді. Оны сол кездегі Түркия Премьер-министрі Тайып Эрдоған қолдаған болатын.

2005 жылы БҰҰ Бас хатшысы Кофи Аннан Өркениеттер Альянсын құру туралы ресми түрде мәлімдеді. Бастаманың өзегі – ұлтаралық, мәдениет пен дінаралық диалог арқылы экстремизмге қарсы халықаралық әрекетті күшейту. Альянс батыс пен ислам әлемі арасындағы текетіректі азайтуға барынша назар аударады.

Өркениеттер Альянсының жетекшісі БҰҰ Бас хатшысының орынбасары дәрежесінде. Бұл Альянс та өз қызметін Нью-Йорктан жүргізеді. Альянс жаһандық әріптестер жүйесіне, оның ішінде халықаралық және өңірлік ұйымдардың, азаматтық қауымдастық топтары, қорлар мен жеке сектордың түрлі ұлттар мен қауымдастықтар арасындағы мәдениетаралық байланыстарын жақсартуға бағыт ұстайды.

2007 жылғы сәуір айында БҰҰ Бас хатшысы Португалияның бұрынғы президенті Ж.Сампайоны Өркениеттер Альянсы жөніндегі Жоғарғы өкіл етіп тағайындайды. 2012 жылы оның орнын БҰҰ Бас Ассамблеясы 66-шы сессиясының төрағасы, Катар мемлекетінің өкілі Насир Абдулазиз аль-Насер алмастырды. 2019 жылдың қантарынан бұл қызметті Испанияның бұрынғы сыртқы істер министрі Мигель Анхель Моратинос атқарып келеді.

БҰҰ-ның бұрынғы Бас хатшысы Кофи Аннан Жоғары деңгейдегі Топ құрып, оның құрамына 20 ірі саясат, білім беру, азаматтық қоғам, дін және БАҚ өкілдерін енгізді. Солардың арасында Иранның бұрынғы президенті Мохаммад Хатами, Оңтүстік Африка Республикасынан Нобель сыйлығының лауреаты, архиепископ Десмонд Туту, профессор Пань Гуан, Артур Шнайдер тәрізді танымал тұлғалар бар еді.

Сонымен қатар Альянс достарының Тобы да құрылды. Оның құрамында 160 мүше бар. 131 мемлекет пен 29 халықаралық ұйымның басын құрайтын осы Топта Қазақстаннан басқа Әзербайжан, Беларусь, Грузия, Ресей, Украина, Өзбекстан және Балтық елдері де бар.

Қазақстан делегациясы Альянстың Достар тобы кездесулеріне үзбей қатысып келеді. Өркениеттер Альянсы өткізетін форумдардан қол үзген емес. Ұлттық координаторлар есебінде Берік Арын, Марат Әзілханов сияқты азаматтар мәртебелі жиындарға қатысып жүрді.

Өркениеттер Альянсы мен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі арасында да тығыз байланыс орныққан. 2016 жылғы 11 маусымда Астанада өткен 5-ші съезде Альянс делегациясын Жоғары өкіл бастап келген болатын.

Съезд хатшылығы Секретариатының барлық отырысына Альянс өкілдері қатыстып келеді. Альянстың департамент директоры Мэтью Ходс та талай жиынның бел ортасында болған. Ол 2016 жылы 31 мамырда Қазақстан Республикасының Сенаты өткізген «Діндер терроризмге қарсы» халықаралық конференция жұмысына да белсене қатысқан болатын.

2022 жылғы қыркүйек айында Астана өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер 7-ші съезіне Өркениеттер Альянсының Жоғары өкілі Мигель Анхель Моратинос арнайы келіп қатысқан.

2006 жылы Жоғары деңгейлі Топ өз баяндамасында бес бірдей басым бағытты атап көрсеткен болатын. Бұл – білім беру, жастар, миграция, Бұқаралық ақпарат құралдары және әйелдер.

Альянстың бірінші форумы 2008 жылы 15-16 қантарда Испания астанасы Мадридте өткізілді. Екінші форум 2009 жылы 6-7 сәуірде Түркия астанасы Ыстанбұлда өткен еді. Он жылдың ішінде бұл алаңда қаншама лидер бас қосты десенізіші!

Мәулен Әшімбаев өз сөзінде Жаһандық форумға қатысушыларға ілтипат білдіріп, бүкіл адамзаттың игілігі үшін халықтар, мәдениеттер және діндер арасындағы диалогты ілгерілету жолында Альянстың миссиясы айрықша маңызға ие екенін атап өтті. Қазақстан мен БҰҰ Өркениеттер альянсының талай жылдан бергі серіктестігі нәтижесін де жоғары бағалады. Сондай-ақ ол Ұйымның білім беру, жастарды дамыту, көші-қон, әйелдердің рөлі және БАҚ мәселелеріне қатысты халықаралық түйткілдерді шешуге арнал-

САПАР

30 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

ған игілікті істеріне назар аударды. Бейбітшілік пен қауіпсіздікті арттыру үшін халықтарды ортақ мақсатқа жұмылдыру жолындағы жетістіктер де сөз болды.

Сонымен қатар Сенат Спикері адамзаттың дамуы жолында бейбітшілік пен толеранттылық идеяларын ілгерілету үшін Қазақстанның халықаралық аренада белсенді қолданып келе жатқан тәсілдеріне тоқталды. Сондай-ақ Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі мәдениетаралық және дінаралық диалог пен ынтымақтастықты дамытуға арналған жаһандық іске еліміздің қосқан үлесі екені айтылды. Бұл бастама БҰҰ Өркениеттер альянсының мақсаттарымен үндес және олардың миссиясы мен басымдықтары да ортақ екенін атап өткен жөн.

— Астанада өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезінде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев әлемге бейбітшілік жолындағы жаңа жаһандық қозғалыс қажет екенін айтты. Шын мәнінде, халықара-

дәстүрлі діндер лидерлері съезі Хатшылығының басшысы Мәулен Әшімбаев діни нысандарды қорғау мәселелеріне ерекше назар аударды. Оның ішінде, киелі діни нысандар адамзаттың менталитетін, этикасын, өткенін тануға қажетті маңызды рухани және тарихи-мәдени мұра екенін қадап айтты. Мұндай мұралар ұлттық және өркениеттік кодты сақтауға ықпал етеді.

Бұл ретте БҰҰ-ның діни рәміздерді қорлауды айыптайтын қарары туралы сөз болғанын атап өткен жөн. Қазақстан 2023 жылы БҰҰ-ға мүше басқа 47 елмен бірге аталған құжаттың тең авторы болды. Қарарда діни немесе наным-сеніміне байланысты адамдарға қарсы зорлық-зомбылықтың, сондай-ақ діни рәміздерге, қасиетті кітаптарға, мәдени орталықтар мен ғибадат орындарына нұқсан келтіретін кез келген әрекеттің айыпталатыны туралы айтылды.

«Болашақ ұрпақ үшін қолымыздағы баға жетпес құнды жәдігерлерді сақтау аса маңызды. Осы орайда

лаудың салдарынан және диалогтың болмауынан туындайды. Бұл факторлар ықтимал қақтығыстарды одан әрі арттыра түседі. Алайда осындай конференция сияқты жаһандық диалогтар өзара түсіністік пен сенімге ықпал ете алады. Бүгінде зардап шеккен діни нысандарды қалпына келтіру ісінде қаржы тапшылығы маңызды проблема болып отыр. Өйткені бұл жұмыс көбіне қымбат және техникалық жағынан күрделі екені белгілі. Осыған байланысты халықаралық деңгейде қар-



жылай қолдаудың маңызы зор. Жалпы, мемлекеттер алдын алу шараларын әзірлеу жолында бір-бірімен, ЮНЕСКО-мен, БҰҰ-ның Терроризмге қарсы басқармасымен және басқа да ұйымдармен тығыз ынтымақтастық орнатуы қажет деп есептейміз», — дей келіп, Мәулен Сағатханұлы Қазақстанның рухани дипломатияны ілгерілету, елдегі конфессияаралық бейбітшілік пен бірлікті сақтау, діни нысандарды қорғау жолында атқарып келе жат-

дәріптеп келеді. 2025 жылы өтетін келесі съезд «Діндер диалогы: болашақ жолындағы синергия» тақырыбына арналады және ол дінаралық толеранттылық пен өзара түсіністікті одан әрі нығайтуға ықпал етеді деп сенеміз», — деді.

Португалияда саяси партиялар мен ұйымдар жеткілікті. Солардың ішінде Социал-демократиялық партия 1974 жылдан бері билік тізгінін ұстап келеді. Оның лидері Луиш Монтенегру, 80 депутаты — Парламентте. Одан кейінгі ықпалды құ-

Халықтың жағдайы күрт нашарлап кеткенін CNEGA-ЖЕТЕП партиясының жетекшісі А.Вентура да жиі мәлімдеумен болады. Ол Президентке «саяси ерік-жігерінді таныт, Парламентті тарат» деген талап қояды. А.Вентура бұған дейін «тарихтағы ең нашар үкімет» деп Үкіметке сенімсіздік білдіру талабын қойған екен, бірақ оның бұл талабын депутаттар толық жақтамайды. Өйтсе де, елдегі жағдай одан сайын нашарлап, құрғашылық пен орман өрттері көбейіп, ұлттық әуетасымалдаушы ТАР жұмысы шығынға батып күйзеліс күшейе түседі.

Саяси текетірес соны Республика Ассамблеясының биылғы жыл басында таратылуына әкеп соғады.

Кезектен тыс Парламент сайлауы биылғы жыл басында, яғни 10 наурыз күні өтті. Сайлауға қатысушылар сан жағынан рекордтық көрсеткішке ие болып, 6 140 289 адам дауыс береді. Сөйтіп, Социал-демократиялық партия жеңіске жетеді. Оның жетекшісі Луиш Монтенегруді Демократиялық Альянс блогы — Халық партиясы мен Халықтық-монархиялық партия мүшелері қолдайды. Екінші орынды Социалистік партия алады. Үшінші нәтиже CNEGA-ЖЕТЕП партиясының еншісіне бұйырады. Алайда парламенттегі шешуші 116 орынды алуға не Социалистік, не Социал-демократиялық партия қол жеткізе алмайды. Бір сөзбен айтқанда, «әрі тарт та бері тарт» деген жағдай. Мұның ең жаман жері Үкіметтің кез келген бастамасына қалған партиялар үнемі тосқауыл қойып отыра алады. 2025 жылға арналған Мемлекеттік бюджетті қабылдау да онайға түспесі анық.

2024 жылғы 2 сәуірде жаңа Конституциялық Үкіметтің инаугурациясы өтті. Премьер-министр лауазымына Луиш Монтенегру тағайындалды. Ол қызметіне кіріскен бетте тұрғын үй құрылысынан бастап коррупциямен күрес, иммиграция, денсаулық сақтау, мемлекеттік басқару және экономикаға қатысты бірқатар пакеттерді жүзеге асыруды ұсынды. Бірақ оның бәрі заңдық тұрғыда толық қамтамасыз етілмегендіктен, оппозиция сынына ұшырай бастады.

Социалистер үкіметінің саяси-әлеуметтік шиеленісті шешуге, еуропалық қорлардың ақшасын тартып, экономиканы өрістетуге, жұмыссыздықты төмендетуге бағытталған белсенді жұмысына қарамастан, көптеген мәселе әлі күнге дейін өз шешімін таппай жатқан секілді.

Португалия үшін коррупцияның өршуі, соның негізінде қоғамдағы наразылықтың күшейе түсуі, халықтың нақты табысының қысқаруы, денсаулық пен білім беру сақтау жүйесіндегі дағдарыс, баспананың және жалға алудың қымбаттауы, құрылыс қарқынының төмендеуі, жастардың елден көптеп кетуі мен иммиграция мәселелері өте өзекті мәселелерге айналған. Португалияның элитасы арасында да бәсекелестік күшейе түскен.

Бір сөзбен айтқанда, бүгінгі әлем мың құбылып тұр. Әр елдің өз мұны бар. Әр елдің өз үміті бар. Әлемдік қауымдастықтың бір мүшесі ретінде Қазақстан да қай кезде болса да өз үнін естірткісі келеді. Өз тарапымыздан елдің халықаралық деңгейдегі абыройы арта берсін дейміз.

Нұрғоре ЖҮСІП,
сенатор

ӨРІСІ КЕҢ

лық қауіпсіздіктің қазіргі жүйесі бүгінгі қалыптасқан ахуалға жеткілікті деңгейде сай келмейді. Мұндай жағдайда бейбітшілікті, келісім мен өзара сенімді нығайтуға арналған діни, саяси және қоғамдық көшбасшылардың бірлескен күш-жігері ерекше өзекті екені анық. Осы орайда Өркениеттер альянсының Жаһандық форумы аталған бағытты тағы бір пысықтап, идеялар алмасуға, бейбітшілік, диалог және келісімді ілгерілету тәсілдерін талқылау-

бүгінгі конференция аталған жаһандық мақсатқа жету жолындағы маңызды қадам екені анық. Қазақстан БҰҰ Бас Ассамблеясының конфессияаралық диалогқа ықпал ету, діни рәміздерді қорлауды айыптау туралы қарарын және БҰҰ-ның 2023 жылғы Діни нысандарды қорғау жөніндегі іс-қимыл жоспарын қолдайды. Біздің еліміз аталған маңызды құжаттарды әзірлеуге белсенді қатысты. Халықаралық қауымдастық онда көрсетілген қағидаттар-

рылым 1973 жылы құрылған — Социалистік партия. Жетекшісі Педру Нуну Сантуш, Ассамблеяда 78 депутаты бар. CNEGA — қазақша мағынасы «ЖЕТЕП» деген партия 2019 жылы құрылған, оны Андре Вентура басқарады, парламентте 50 орынға ие. Сондай-ақ Либералды инициатива, Солшыл блок, Эко-социалистік партия, коммунистік және экологиялық партиялар бар.

Жоғарыда айтқанымыздай, Социалистік партия Парламентте айтарлықтай басымдыққа ие болғасын, бір жағынан бұрынғы Премьер-министр А.Коштань тегеурінділігіне қарамастан былтырғы қараша айында Португалияда бірқатар саяси өзгерістер болды. Елдегі коррупция өршіп, біраз министрлікте тінту жүргізілгенін Премьер-министр А.Кошта президент Марселу Ребелу де Сузаның атына доғарысқа кететіндігі туралы өтініш берген. Бұл 2023 жылғы 7 қараша күні болған жағдай. Оның өтініші дереу қабылданған. Мемлекет басшысы партия жетекшілерімен және Мемлекеттік Кеңес мүшелерімен, сондай-ақ Ассамблея Төрағасы А.Силва, бұрынғы қаржы министрі М.Сентену мырзалармен кеңес өткізіп, кезектен тыс Парламент сайлауын 2024 жылғы 10 наурызға белгілейді. Бірақ оған дейін Парламент 2024 жылғы бюджетті бекітіп беруі керек болды. Парламент Социалистік партияның арқасында 2024 жылға арналған Мемлекеттік бюджет туралы заңды мақұлдайды. Бұл заңға 1 900-ден астам түзетулер енгізілгеніне қарамастан, соның 82-і ғана қабылданып, қалғандарына қарсылық білдіріледі.

2023 жылдың 7 желтоқсан күні Президент Марселу Ребелу де Суза XIII Конституциялық үкіметті доғарысқа жіберу туралы Жарлыққа қол қояды. М.Суза 2 миллионға жуық португалдықтың кедейшілік күйін кешіп, күндерін өздері көріп отырғанын айтып, мұндай жағдаймен келіспейтіндігін мәлімдейді. 2015 жылдан билеп келе жатқан социалистер партиясы «бұрынғы әріптестерінің жән оппозиция ұсынысын ескермейтінін айта келіп, елдегі жағдайға толық жауапты солар» дегенді айтады.



ға мүмкіндік береді. Бұл Форум қазіргі таңда халықаралық қоғамдастықтың алдында тұрған іргелі проблемаларды шешу жолында да күш біріктіруге оң септігін тигізеді деп сенемін, — деді Мәулен Сағатханұлы.

Сапар барысында Мәулен Әшімбаев БҰҰ Өркениеттер альянсының Жоғары өкілі Мигель Анхель Моратинос пен, Мұсылман ақсақалдар кеңесінің Бас хатшысы Мохаммед Абдельсаламмен және ТҮРКСОЙ-дың Бас хатшысы Сұлтан Раевпен кездесті. Онда Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VIII съезінің күн тәртібі және өзара ынтымақтастықты нығайту мәселелері талқыланды.

Жаһандық форумның екінші күні Сенат Төрағасы, Әлемдік және

ды ұстануы керек. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев осы мәселеге үнемі баса мән беріп келеді», — деді Мәулен Әшімбаев. Осы тұрғыдан келгенде, азаматтық қоғамның, дін көшбасшыларының және әлемдік қоғамдастықтың күш-жігерін ортақ іске жұмылдыру маңызды. Сондай-ақ қазіргі сын-қатерлерді еңсеру, халықтар, мәдениеттер мен діндер арасында диалог қалыптастыру, өңірлік қақтығыстарды, діни жанжалдар мен этносаралық алауыздықты тудыратын, діни нысандарды қорлауға үндейтін рухани тоқырауды болдырмау үшін қажетті кешенді тәсілдерге де назар аударды.


«Экстремизм актілері мен дінаралық шиеленістер көбінесе ала-

қан жұмыстарына және Парламенттің осы бағыттағы заң шығару қызметіне тоқталды.

— Қазақстанда 100-ден астам этникалық топ тұрады және 18 конфессияның 4 000-ға жуық діни бірлестігі бар. Сондай-ақ елде мешіттер, православие, католик, протестант шіркеулері, синагогалар, бахаи мен кришнаиттердің ғибадат үйлері және Будда храмдары сияқты 4 000-ға жуық діни нысан қызмет көрсетеді. Біз осындай әралуандықты бағалаймыз және діни нысандарды қорғау үшін құқықтық базамызды үнемі жетілдіріп отырамыз. Сонымен қатар Қазақстан Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезін өткізу арқылы дінаралық диалогты халықаралық деңгейде белсенді түрде

ОЙТОҒЫС

30 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ



Асылында адамзаттың Жер бетінде үлгілі тіршілік кешу бақыты оның осы ғалам хикметтерін барынша терең сезген шағында орнаса керек. Әзірге құпиясы ашылмаған сондай таңғажайып құбылыстардың бірі ғарыштағы қара құрдымдар екені даусыз. Назарбаев университетінің Жаратылыстану, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар мектебінің профессоры Даниэле Малафарина мен оның әріптестері сингулярлық емес қара құрдым мәселесін зерттеп жатыр.

— Қара құрдымдарды зерттеу біздің ғаламның құрылымын түсінуде қаншалықты маңызды?

— Ғаламды физика заңдары басқарады. Оның бірі — ауқымды масштабтарда гравитация қалай жұмыс істейтінін түсіндіретін салыстырмалылық теориясы болса, екіншісі — құбылыстарды бөлшектер деңгейінде сипаттайтын кванттық теория. Қара құрдымдар осы екеуінің түйісер тұсында жатыр. Біз оларды жалпы салыстырмалылық теориясы тұрғысынан қалай сипаттау керектігін білеміз, бірақ ол жеткіліксіз. Сондықтан қара құрдымдардың табиғатын жете түйсінуге біз физика заңдарының құпияларын ашуға қадам жасаймыз, ал бұл ғаламның тұтас құрылымын түсінуге көмектеседі. Ғаламдағы біз бақылайтын құбылыстарды түсіндіру үшін қараңғы энергия немесе қараңғы материя терізді белгілі бір концепцияларды білу талап етіледі. Біз бұл компоненттердің математикалық модельдерде қалай әрекет ететінінен хабардармыз, бірақ олардың нендей зат екені әлі күнге белгісіз. Қара құрдымдар жайлы жана білім бізге осындай құпиялардың болмысын ұғынуға септеседі.

— Сіз жалпы салыстырмалылық теориясы үлкен масштабтағы гравитацияны түсіндіретін іргелі теория екенін айттыңыз. Оқырманның бәрі физик емес, әуелі осыны қысқаша түсіндіріп өтіңізші.

— Оның маңызын мынадай негізгі идеялар арқылы түсіндіріп кетуге тырысайын:

Ньютон теориясы гравитацияны өте тамаша сипаттайтын, бірақ оның кемшін тұстары болды. Басты кемшілік — гравитацияның шексіз жылдамдықпен таралуы еді. Ньютонға сүйенсек, егер мас-

салар осы жерде қозғалса, кез келген қашықтықтағы гравитациялық өріс сол мезетте-ақ өзгереді. Бірақ бұл интуицияға қайшы: себептер салдарға ұласуы керек, сондықтан бұл жердегі массалардың қозғалысы алыстағы жерлерге белгілі бір уақыттан соң ғана ықпал етуге тиіс.

XIX ғасырдың соңына таман Максвелл электромагнетизм теориясын жасап шығарды: онда электромагниттік өріс ақырғы жылдамдық — c жарық жылдамдығымен таралады, бұл — барлық бақылаушы үшін бірдей. Бұл тұжырым Ньютон теориясымен қабыспайды. Ньютонға салсақ, Боб орындықта отырып, Алисаның көлікте v жылдамдықпен жүйткіп бара жатқанын көрсе, Алиса көлік шамын жаққанда, Боб $v+c$ жылдамдықпен қозғалып бара жатқан жарықты көруі керек еді. Ал Максвелдің айтуынша, Боб үшін де, Алиса үшін де жарық жылдамдығы бір-бірдей — c . Максвелдің ойы дұрыс болып шықты.

Бұл жаңалық Эйнштейннің арнайы салыстырмалылық теориясын (АСТ) ойлап табуына түрткі болды. Ол бақылаушыларды байланыстыратын, бірақ гравитацияға қатысы жоқ заңдылықтарды өзгертті. Әйткенмен арнайы салыстырмалылық теориясы гравитация және оның таралу күшімен онша үйлеспейтіні бірден белгілі болды. Сол себепті Эйнштейн арнайы салыстырмалылық теориясын гравитация заңымен біріктіретін жалпы салыстырмалылық теориясын (ЖСТ) құрастырды. Соның нәтижесінде, Ньютон заңын әлдеқайда күрделірек етіп ауыстыруға тура келді. Сондай-ақ Эйнштейн өз теориясында гравитация күші жарық жылдамдығымен таралатынын және Максвелл айтқандай, оның барлық бақылаушы үшін бірдей екенін

анықтады. Осылайша, оның теориясы Ньютон теориясын алмастырды.

Эйнштейннің жалпы салыстырмалылық теориясында гравитация күш емес. Денелер үнемі екі нүкте арасындағы ең қысқа жолмен қозғалады, бірақ кеңістік қисық болғандықтан, бұл жолдар тік емес. Кеңістіктің қаншалықты қисаюы материялардың (мысалы, планеталардың) орналасуына байланысты. Материя қозғалғанда (көз алдыңызға жайма бетіндегі допты елестетіңіз), кеңістіктің қисықтығы да өзгереді және бұл өзгерістер жарық жылдамдығымен таралады.

Үлкен масштабтағы денелердің (планета, жұлдыз, галактика)

классикалық модель көрсеткендей, қара құрдымдар жалпы салыстырмалылық теориясы аясында қалыптаса алатын. Дәл осы модель ғаламда қара құрдымдардың бар екені жайлы идеялардың негізіне айналды. Оған сәйкес, материя гравитацияның әсерінен қара құрдым деңгейіне дейін кішірейе алатын. Егер жалпы салыстырмалылық теориясында сипатталған гравитация ғана бар деп есептесек, онда ол үнемі тартады да тұрады, ал массалар бір-біріне қарай қозғалады және материяның орталық нүктеге сығымдалуын ештеңе де тоқтата алмайды. Материя сығымдалғанда, оның жылдамдығы да, тығыздығы да арта бе-


мағы ықпалынан сығымдалғанда, гравитация күші азайып, сығымдалу жылдамдығы баяулайды. Соның арқасында тығыздық мәншілікке ақырғы болып қалады да, ал объект кішіреюді жалғастыра береді, бірақ ешқашан нөлдік көлемге жетпейді. Осылайша, сингулярлық белгісіз бір мерзімге дейін (асимптотикалық деуге болады) кешеуілдейді. Асимптотикалық қауіпсіз гравитация төмен тығыздықта жалпы салыстырмалылық теориясын еске түсірсе, жоғары тығыздықтарда мүлдем басқаша.

— Асимптотикалық қауіпсіз гравитация қалай жұмыс істейді және бұл теорияны негіздеуіңізді құбылысты айтып өтіңізші.

— Жалпы салыстырмалылық теориясы метагалактикадан (миллиардтаған жарық жылы) бастап, галактикалық шоғырлар-

Даниэле МАЛАФАРИНА,
профессор:

ҚАРА ҚҰРДЫМДАР ҚҰПИЯСЫН



қозғалысы гравитацияға байланысты. Өйткені олардың массасы тек оң мәнге ие және мықты гравитациялық өрісті қалыптастырады. Электромагниттік күштер гравитациядан қуаттырақ болғанымен, оң және теріс зарядтар есебінен бірін-бірі бейтараптандыра алады. Сондықтан біз Жердің үстінде қуатты электромагниттік өрісті сезбейміз, бірақ гравитацияны сеземіз.

Аса ірі масштабтағы құбылыстарды (Күн жүйесін, галактиканы және бүкіл ғаламды) тереңірек түсінуде алғашқы қадам ретінде гравитацияға үлкен маңыз беру керек. Әдеттегі жағдайларда Ньютон теориясы жеткілікті болғанымен, материя тығыздығы өте жоғары (қара құрдымдағыдай) болған кездерде немесе гравитацияның ақырғы жылдамдығын қарастыру қажет шақтарда жалпы салыстырмалылық теориясын қолданбау мүмкін емес.

— Сіз сингулярлық емес қара құрдым моделін ұсындыңыз. Оның ерекшелігі неде? Жалпы, сингулярлық пен сингулярлық емес ұғымдарының айырмашылығы қандай?

— Әріптестерімізбен бірлесіп ұсынған идеямыздың жаңалығы сонда — біз сингулярлыққа алып бармайтын гравитациялық коллапс моделін жасадық. Сингулярлыққа негізделген идея 60 жылдан аса уақыттан бері өмір сүріп келе жатса, сингулярлық емес қара құрдым модельдері 1980-ші жылдардан бастап ұсынылуда. Алайда қара құрдымдар коллапс нәтижесінде қалай пайда болатыны туралы модельді әбден орныққан теорияға сүйеніп әзірлеу өте қиын. Асимптотикалық қауіпсіздік гравитациясы теориясы аясында біз дәл осыған қол жеткіздік.

Сонау 30-жылдары Оппенгеймер мен Снайдер ұсынған

реді. Ақыр аяғында ол нөлдік көлемдегі және шексіз тығыздықтағы (бірақ ақырғы массаға ие) нүктеге сығымдалғанда, сингулярлық пайда болады.

Ал біздің моделіміз бойынша материя тығыз бола түскен сайын гравитация да әлсірей береді, сол себепті материя өз сал-

ға (миллиондаған жарық жылы), галактикаларға (мыңдаған жарық жылы), жұлдыздар мен планеталар жүйесіне (бірнеше жарық жылы) және тіпті қара құрдымдарға (бірнеше шақырым) дейінгі ауқымдағы құбылыстарды түсіндіруге әбден қауқарлы. Осы тұста бір сұрақ туады:

ОЙТОҒЫС

30 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

бұл теория «сүріну» үшін қашықтық қаншалықты кішкентай болуы керек?

Эйнштейн үшін де, Ньютон үшін де қашықтық артқан сайын гравитация күші азая береді. Бірақ егер қашықтық азая берсе, жалпы салыстырмалылық теориясындағы гравитация күші теориялық тұрғыда шексіздікке бағытталады. Бұл — проблема. Демек, өте кішкентай масштабтарда (протонның көлемінен әлдеқайда кіші) гравитацияның әрекетін түсіндіретін басқа теория болуы керек.

Ұсынылған осындай теориялардың бірі — асимптотикалық қауіпсіздік теориясы. Ол үлкен қашықтықтарда және тіпті протон сияқты бөлшектер деңгейінде ЖСТ секілді жұмыс істейді. Бірақ қашықтық нөлге жақындағанда, ондағы гравитация

рек. Жақында Event Horizon телескопы екі алып кара құрдым айналасындағы газ дискіден шыққан жарықты суретке түсірді. Сондықтан болашақта мұндай өлшемдер асимптотикалық қауіпсіздік гравитациясы секілді теорияларды тексеруде қолданылуы мүмкін деген үміт бар.

— **Кара құрдымдар мәңгілік пе? Әлде олардың да ғұмыры бір күні тоқтай ма?**

— Жалпы салыстырмалылық теориясы аясында кара құрдымдар мәңгілік болып саналады. Оқиғалар көкжиегі қалыптаса салысымен, ол үлкейе береді де, мәңгі ғұмыр кешеді. Алайда Стивен Хокинг бізге кванттық әсер себебінен кара құрдымдар бірте-бірте ғайып болатынын және олардың ғұмыры шектеулі екенін көрсетті. Әр теорияда кара құрдымның «тағдыры» да әртүрлі



байланысты жоятыны туралы ешқандай дәлел жоқ.

— **Фильмдерде (мысалы, «Интерстелларды» айтсақ болады) кара құрдымдар қаншалықты дұрыс сипатталады? Олар жайлы қандай көріністер ғылыми тұрғыда ақиқат, ал қайсысы ойдан шығарылған?**

— «Интерстеллар» фильміндегі кара құрдымның сыртқы көрінісі өте дәл берілген, өйткені оның моделін Нобель сыйлығының лауреаты Кип Торн мен оның әріптестері құрастырған. Кара құрдымның бұл суреті жалпы салыстырмалылық теориясы тендеулерін қолдана отырып алынған және оның сыртқы сипатына қатысты барлық аспекті де осы теорияға сәйкес келеді. Біз кара құрдым көкжиегінің ішінде не болатынынан бейхабармыз, сондықтан фильмдегі басты қаһарманның көкжиекке енген сәтінен кейінгі көріністер толықтай ойдан шығарылған. Өкінішке қарай, фильмдердің көпшілігі сюжетті қызық ету үшін физика заңдарын бұрмалап беруді жөн көреді, ал бұл құбылыстардың ғылыми тұрғыдан дұрыс сипатталмауына алып келеді. Басынан аяғына дейін физика заңдары (тіпті осы фильм үшін ойлап табылған заңдар болса да) қатаң сақталатын ғылыми-фантастикалық фильмдерді көргім келеді, бірақ әлі мұның бірде-бірін көрмедім. «Интерстеллардан» бөлек, ғылыми фактілерді салыстырмалы түрде дұрыс берген фильмдердің қатарына «Гравитация» мен «Марсианинді» жатқызар едім, бірақ оларда да бұрмалаушылықтар бар.

Фильмдерде ең жиі кездесетін мифтердің бірі — жарық жылдамдығынан асып кететін жылдамдық. Біз білетін физика заңдары бойынша бұл мүмкін емес және себептілік ұғымымен байланысты басқа да кедергілер бар болғандықтан да ол тап-таза миф. Екіншісі — үдеуге қатысты. Ғарышта ауа кедергісі жоқ, сондықтан ғарыш кемелері аспандағы ұшақтар секілді бұрыла алмайды (барлық дерлік фильмде осы кателік кездеседі). Сондай-ақ экзопланеталар фильмдерде көрсетілгеннен гөрі әлдеқайда көбірек аралуандыққа ие. Мысалы, Марстағы атмосфераның сұйықтығы соншалық, «Марсианиндегідей» заттарды құлатып-төңкеретіндей жел тұрмайды. Тағы бір айта кетерлігі, ғарышта от жоқ.

— **Әңгімеңізге рақмет!**

Сұхбаттасқан
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ

ФИЗИКА ЗАҢДАРЫНЫҢ БҮГІП ЖАТЫР

ЖСТ-дағыдай шексіздікке емес, нөлге бағытталады. Бұл құбылыс осы теорияны негіздеп тұр.

Алайда бұл асимптотикалық қауіпсіздік теориясы дұрыс деген сөз емес. Басқа да әдістер бар. Мұндағы мәселе — дәл қазір бізде бұл теорияларды тексеріп көруге мүмкіндік беретін эксперименттер жоқ, өйткені соншалықты кішкентай масштабтарды зерттеу өте қиын.

— **Сіздің зерттеулеріңіз кара құрдымның оқиғалар көкжиегі жайлы түсінігімізді өзгерте ме? Жаңа модельдің дұрыс-бұрыстығын тексеріп көруге бола ма?**

— Кара құрдымдардың бір ғажап ерекшеліктерінің бірі — оның орталық нүктесінде болған құбылыстар оқиғалар көкжиегіне әсер етеді. Яғни, асимптотикалық қауіпсіздік гравитациясы теориясы негізінде жұлдыз қоллапсының соңында болған өзгерістер кара құрдымның көкжиегін өзгертеді. Әзірге бұл өзгешеліктердің қалай көрініс табатыны және оларды анықтауға болатын-болмайтыны (тым болмағанда теория жүзінде) белгісіз. Мен айтып отырған ерекшеліктер мынау: кара құрдым көкжиегінің орналасқан орны сәл-пәл өзгеруі мүмкін; кара құрдым оншалықты қара болмауы да мүмкін, яғни оның кейбір бөлшектері жоғалуы мүмкін (Хокинг сәулеленуіне ұқсас жолмен, бірақ одан гөрі жылдамырақ әрі анығырақ); сондай-ақ кара құрдым көкжиегінің «өмір сүру» шегі болуы мүмкін, бұл кара құрдымның ғайып болуына алып келеді. Бұл құбылыстардың бәрін бақылау үшін көкжиек маңында қозғалып жүрген бөлшектерді зерттеу ке-

рбиді. Бүгінде бұл сценарийлердің қайсысы дұрыс екенін нақты білмейміз, өйткені бұл бүгінде ғалымдар әзірлеп жатқан гравитацияның жаңа теориясындағы ерекшеліктерге байланысты.

— **Екі кара құрдым соқтығысса не болады?**

— Кара құрдымдардың соқтығысуы туралы зерттеулер көп жылдан бері жүргізіліп келеді, мұндай соқтығысулар он жыл бұрын гравитациялық толқындар көмегімен тіркелді. Жалпы салыстырмалылық теориясы аясында бір-біріне жақындап келе жатқан екі кара құрдым гравитациялық толқындар арқылы энергиясын жоғалтады да, соқтығысқаннан кейін бір кара құрдымға айналады.

— **Кара құрдымдардың «мининұсқалары» бар ма? Егер болса, оларды Жерде жасап шығаруға бола ма және оның салдары қандай болмақ?**

— Қазір астрофизикалық объектілердің массасынан ерекшеленетін «мини» кара құрдымдардың бар екені туралы ешқандай дәлел жоқ. Бәлкім, мұндай кара құрдымдар ғаламның ерте кезеңінде қалыптасқан болуы да мүмкін, бірақ бүгінде олардың өмір сүруіне кедергі келтіретін себеп көп. Тіпті, теориялық тұрғыдан алғанда, мұндай «мини» кара құрдымдар бөлшектердің соқтығысуынан пайда болған күннің өзінде егер біздің теорияларымыз дұрыс болса, онда көзден тез ғайып болып, оны байқау да мүмкін болмас еді.

— **Кара құрдымдар жұлдыздарды, планеталарды немесе тіпті бүкіл галактикаларды «жұта ала» ма? Бұл қаншалықты жиі кездеседі?**

— Кара құрдымдар — алып объектілер және олар ғарыштағы басқа да кез келген алып объектілер секілді әрекет етеді. Яғни, сіз одан жеткілікті қашықтықта тұрсаңыз, планеталар Күнге құлай алмайтыны сияқты, сізге де кара құрдымға құлау қиынға түседі. Планеталар мен жұлдыздар айтарлықтай алыс қашықтықта болса, кара құрдымның айналасында айналып жүруі мүмкін. Кара құрдымның гравитациясы объектінің энергиясына қарамастан оның «қашып құтылуы-

жұтылмайды. Салыстыру үшін айтсақ, ең үлкен кара құрдымдардың көкжиегі Күн жүйесінің өлшемімен бірдей, яғни бірнеше жарық күнін құрайды. Ал Құс жолы тәрізді әдеттегі галактикалардың диаметрі шамамен 100 мың жарық жылына тең.

— **Демек, Жердің бір кездері кара құрдымға жұтылып кету ықтималдығы нөлге тең десек болады екен ғой?!**

— Иә, бұл жағынан ешқандай қауіп жоқ. Бізге ең жақын қашықтықта жатқан кара құрдым-



Кара құрдымдар — алып объектілер және олар ғарыштағы басқа да кез келген алып объектілер секілді әрекет етеді. Яғни, сіз одан жеткілікті қашықтықта тұрсаңыз, планеталар Күнге құлай алмайтыны сияқты, сізге де кара құрдымға құлау қиынға түседі.

на» мүмкіндік бермейтіндей жақын қашықтықта болғанда ғана «жұтылып» кетуі мүмкін. Мысалы, Күннің массасымен бірдей кара құрдымның көкжиегі — шамамен 3 шақырым. Оған жұтылу үшін объект 10 шақырымнан да жақынырақ қашықтықта болуы керек.

Кейде объектілер (жұлдыздар мен планеталар, бірақ галактикалар емес) кара құрдымға жақын келіп, жұтылып кетіп жатады. Әдетте олар кара құрдымға тіке емес, дөңес траектория жолымен құлайды. Бұл объектілердің өлшемі кара құрдымға барар жолда өзгереді. Объект кара құрдымға ең таяу нүктеге келген кезде оның массасының бір бөлігі — гиперболалық орбитаға, ал көп бөлігі кара құрдымға құлайды. Галактикалар тым үлкен болғандықтан, бұлай

дар көкжиегінің радиусы бірнеше шақырым ғана. Айтып өткенімдей, оның бірі Жерге қауіп төндіре алуы үшін бірнеше шақырым қашықтыққа дейін жақындап келуі тиіс. Мұндай құбылыстың болу ықтималдығы да өте аз: біз Күн жүйесі арқылы өтетін жұлдыздарды (жұлдыздар кара құрдымдардан әлдеқайда көп) көрмейтініміз секілді, Күнмен гравитациялық өзара ықпалдас-тығымыз оларды жеткілікті қашықтықта ұстап тұрады.

— **Қиялға ерік беріп көрелік. Кара құрдымдар ғаламның басқа бұрыштарына немесе басқа өлшемдерге апаратын «портал» болуы мүмкін бе?**

— Жок, кара құрдымдар ешқандай «портал» рөлін атқармайды. Мұндай порталдар себептілік ұғымына нұқсан келтірер еді, ал бізде ғалам себеп-салдарлық

МЕРЕЙ

30 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының биылғы жыл басында берген сұхбатында «Ел тарихында ерекше орны бар тұлғаларға құрмет көрсету дәстүрі еліміздің жалпыұлттық бірегейлігін нығайта түсуге зор септігін тигізеді. Биыл – әйгілі ғалым Қаныш Сәтбаевтың туғанына 125 жыл...» деп ерекше көңіл бөлуі, ал туған күні 12 сәуірде «...Қаныш Сәтбаев – қазіргі қазақ ғылымының атасы» дегені ғұламаға берілген зор баға ғана емес, Шығыс елдерінен шыққан тұңғыш академиктің қадір-қасиетін айшықтау болып табылады. 1999 жылы ЮНЕСКО деңгейінде 100 жылдығы тойланған Ұлт мақтанышының 125 жылдығы – кең дәрежеде ұлықтауға лайықты тұлға және бұл туған халқының кемел кемеңгерге деген ыстық ықыласты сүйіспеншілікпен орындайтын парызы.



ҚАНЫШ СӘТБАЕВ — ҰЛТ мақтанышы

Қазақтың біртуар перзенті, есімі әлемге мәлім Орталық Азия мен Қазақстаннан шыққан алғашқы академик, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, адамгершілік қасиеттері мен кісілік келбеті халқының аузында аңыз болып қалған Қаныш Сәтбаевтың мерейтойын жоғары дәрежеде атап өту – баршамыз үшін ұлы тұлға алдындағы міндетіміз. Біртуар дарынның басшылығымен кен байлығы бар қазбалардың металлогендік болжау картасы жасалынып қана қоймай, сол арқылы осы күнге дейін пайдалы қазбаның жаңа көздері ашылып отырғандығы белгілі. Ғалымдардың есептеуі бойынша, бір ғана Жезқазған–Ұлытау аймағы мыс кенінен миллиардтаған доллардың қазынасын берген. Қаныштай мәңгі асылымыз қалдырған орасан зор сарқылмас байлықтың бұл бір ғана парасы және қазақ елінің даму жолындағы Ұлт мақтанышының ересен зор еңбегінің жемісі. Ел экономикасына сол қазына байлық әкелген пайдаға қаншама қалалар мен өндіріс орындары салынғандығының куәгері және игілігін көруші бүгінгі ұрпақ болып отыр.

Өзінің сүйікті саласы геология, ғылымдағы басты бағыты металлогениядағы еңбектері қаншама рет жарияланып шықса да, оның жан-жақты шығармашылық таланты, өз деңгейінде толыққанды дәріптеле қойған жоқ. Еліміздегі кара және түсті металлургия салаларын ашу және дамыту, металлургия зауыттарын салу, полиметалл, сирек металдар мен басқа да ірі кен орындарын ашу, өнеркәсіп ошақтарын сумен қамтамасыз ету сияқты сансыз көп ғылыми-ұйымдастыру жұмыстары әлі де теренірек зерттелуді қажет етеді.

«Ұлытау атырабын жан-жақты өркендету – менің өмірлік арманым!» – деген Сәтбаевтың мақсатына жетіп, Жезқазған–Қарағанды теміржолының 414 шақырымдық негізгі бөлігі мен 458 шақырымдық Ертіс–Қарағанды каналын салудағы ұлан-ғайыр еңбегі арқылы қалалар бой көтеріп, шөлейт далалар гүлденді. Менделеев кестесіндегі элементтердің барлығы Қазақ жерінде шығатынын даңқты геолог дәлелдеді. Алтай мен Арал, Қаратау мен Алатау арасындағы

қазына, тіпті Маңғыстау мен Атырау өңіріндегі мұнай мен газдың әлемдік мол көзін болжап, көргендік көрсетті. Бүгінгі Астана Елорда болуы керек екенін де 1948 жылы алғаш айтқан Қаныш Сәтбаев болатын. Әлем таныған Қазақтың Қанышының есімі шағын планетаға берілгендігі өз алдына бір бөлек, Қазақстан елді мекендерінде көтерілген еңселі ескерткіштер саны бойынша да ұлы Абайдан кейін екінші орында тұр. Халық арасында туған өңірлерін «Абай Елі», «Қаныш Елі» деп атау да осы ғұламаларға тән. Қазақ елін әлемге танытқан ғұламалар



Әлем таныған Қазақтың Қанышының есімі шағын планетаға берілгендігі өз алдына бір бөлек, Қазақстан елді мекендерінде көтерілген еңселі ескерткіштер саны бойынша да ұлы Абайдан кейін екінші орында тұр.

жыл өткен сайын зорайып, жаңа қырынан жаңғыра беретін, мәңгі өлмес данышпандарға айналуы да зандылық.

«Әлемнің отыз алтыдан бір бөлігін бостандықсүйгіш қазақ халқы жайлап отыр. «Қазақ» деген сөздің өзінде еркіндік рухы атойлап тұр. Сол үшін де біздің халық талай ғасырды үздіксіз күреспен өткізді. Оның сана-сезімінде бұл сөз – аса қасиетті әрі аса ұлы ұғым» деп айтқан Қаныш Сәтбаевтың туған халқын қалай сүйетіндігі ғана емес, қазақ болып туғанын шексіз мақтан ететіндігі көзіқарақты әр азаматқа түсінікті деп ойлаймын. Осындай ұлағаты мол Қазақтың Қанышының ерен зор еңбектерін насихаттау, жалпы «Сәтбаевтану» ілімін нығайту жолында тәбәрік боларлық дүние жасап, ұлтына қалтқысыз қызмет еткен Қаныштай

тарихи тұлғаны темірқазық етіп алсын деп ой тастау – бүгінгі және болашақ ұрпақты тәлімді өмірбаянымен ұлағаттылық жолына бағдарласақ деген ниет қана емес, сонымен қатар мұны «Халықаралық Сәтбаев қорының» қоғамдық кеңесі төрағасы ретіндегі мойнымдағы парызым деп те білемін.

«Академик Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі Жалпыреспубликалық жоспар» қабылдануына бастамашы болып, арнайы депутаттық сауал жолдап, 2024 жыл бойы 52 пункттен тұратын Үкімет жоспарының орындалуына үйлестірушінің бірі болып, нәтижелі қызмет атқарды. Бұл республикалық ауқымдағы жоспар аясында Ұлттық банк монетасын, ал Қазпошта пошта маркасын шығарды. «Жезқазғантүстімет» өндірістік бірлестігіне есімі қайтарылды. Мерейтой шеңберінде ғылыми конференциялар, көрмелер, жалпы сансыз көп игілікті іс-шаралар республикамыздың түкпір-түкпірінде өткізіліп, ғылым мен білімге деген қызығушылықты арттырды. Көктемде Астанада Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдық мерейтойы кеңінен аталып, жаз айында туған елі Баянауылда жалғасса, күзде Алматыда дүбірлі тойды К.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті дүркіретіп өткізді.

ТӨРТІНШІДЕН, тұлғатану саласында біртуар тұлға ретінде жаңа серпіліске әкеледі.

БЕСІНШІДЕН, ұлттық тәрбие мәселесінде өнеге тұтарлық қағидаттарды тудырады.

Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығын мемлекеттік деңгейде атап өту, оның еңбектерін жаңғырту, жаңа буынға жетістіктерін жеткізу – тарихымызды түгендеп, мәдениетімізді әспеттеп, руханиятымызды күшейтуге ықпал етеді.

Жыл басынан бері мерейтой шеңберінде ғылыми конференциялар, көрмелер, жалпы сансыз көп игілікті іс-шаралар республикамыздың түкпір-түкпірінде өткізіліп, ғылым мен білімге деген қызығушылықты арттырды. Жыл бойғы өткен іс-шаралар ғұламаның ғылыми жаңалықтарын дәріптеп, жас ғалымдарға шабыт берді деп ойлаймын. Бұл жаңа зерттеулер мен инновацияларға жол ашып, Сәтбаевтың табандылығы мен ізденіс жолы жалындаған жастарға жарқын үлгі болары сөзсіз.

Ұлы тұлғаның мерейтойы көп жағдайда тек мерекелік шаралармен шектелмеуі керек деп білемін. Мұндай мерейтойлардың негізгі мәні – сол тұлғаның қоғамға, ғылымға, мәдениетке қосқан үлесін қайта бағалауға, оның ойлары мен еңбектерін жаңа қырынан тануға, қазіргі заманға сай құндылықтарын ашуға тиіс. Бұл тұрғыда мерейтойды ойылау арқылы оның тереңдіктерін бойлай ашып, жаңа буынға мұрасын насихаттау аса маңызды.

Қазақ елін әлемге танытқан ғұлама жыл өткен сайын зорайып, жаңа қырынан жаңғыра беретін, мәңгі өлмес тұлғаға айналды. ХХІ ғасыр – Қаныштың ғасыры болады деген сөздер ақиқатқа айналып келеді. Академик Қаныш Сәтбаев – әлемдік деңгейдегі тарихи тұғырдан орын алуы, ғылыми және рухани мұраларының жалпыадамзаттық маңызға ие болуымен байланысты, сонымен қатар бір ұлттың шеңберінен шығып, бүкіл адамзат өркениетінің биігіне көтерілген қайталанбас планетарлық деңгейдегі біртуар тарихи тұлға. «Планетарлық деңгейдегі» тұлға Қаныш Сәтбаевтың, аса көрнекті ғалым, заңғар ғұламалығымен қатар Қазақ елі ғылымының басты ұйымдастырушы екендігі – еліміздің даму тарихындағы баға жетпес еңбегінің бір бөлігі ғана. Жалпы алғанда, академик Қаныш Сәтбаев өмір бойы ұлттық мүдде тұрғысынан терен ойлап, ел дамуының экономикасы, өндірісі, ғылымы, мәдениеті, руханиятында бағасы өлшеусіз мол мұра қалдырғаны, Қазақ елінің болашағы зор болсын деп жасаған ұшан-теңіз еңбегі – бірнеше кітап жазарлық дүние болып табылады.

«Халықаралық Сәтбаев қорының» қамқоршылар кеңесінің төрағасы болып, елордадағы Қаныш Сәтбаев ескерткіші Монуменгалды кешенінің тұжырымдамасын авторы ретінде әзірлеп, ескерткішті 2021 жылы тұрғыздық. Кешеннің тұжырымдамасын толықтырып, 2022–2023 жылдары іске асырып, академик Қаныш Сәтбаев алаңы Астанада пайда болды және тағзым етер құдіретті орынға айналып келеді. Еңселі зәулім ескерткіштің жанында гранитте таспаланған ақиық ақын Несіпбек Айтұлының «Қаныш» поэмасындағы үзінді Ұлт мақтанышының бүкіл болмысын ашып тұр:

*Болмысы сүттен таза, нұрдан жарық,
Бақытты Сәтбаевты туған халық!
Атасы сол деп қазақ ғылымының,
Айтады сұрасаң да кімнен барып...*

*Тұратын жарқыратып алыстарды,
Үлгісі ұлылықтың Қаныш мәңгі!
Құдайға мың рақмет бере салған,
Қазаққа осындай бір данышпанды!..*

*Сәтбаев ғұмыр кешкен, міне, қандай,
Кім сірә, ғалам сырын біледі ондай?
Көз салып кең әлемге Елордадан,
Қарап тұр ескерткіші тірі адамдай!..*

Алтынбек НУХҰЛЫ,
Парламент Сенатының депутаты

ЖӘДІГЕР

30 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ



АҚТОҚТЫНЫҢ жүзігі

Қазақтың кең даласын әнге бөлеген алты алаштың ардақты серісі, даңқты композитор, ел еркесі атанған – Ақан сері Қорамсаұлының аты аталғанда Ақтоқтының да есімі еріксіз ойға оралады. Өйткені олар бүгінгі ұрпаққа дейін жеткен Арқа төсіндегі ғашықтың мәңгілік символына айналған адамдар. Қос тарихи тұлғаның ұлы махаббаты жайлы талай ақын-жазушылардың қалам тербеп, ақық жырларын арнағаны да ақиқат. Ғабит Мүсіреповтың «Ақан сері – Ақтоқты» драмасы, Илияс Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасы, Сәкен Жүнісовтың «Ақан сері» романы, сондай-ақ Сыдық Мұхамеджановтың «Ақан сері – Ақтоқты» тарихи операсы боямасыз трагедиялы ғашықтық оқиғасын дәлме-дәл суреттейді. Бүгін тақырыбымыз – Ақан серінің Ақтоқтыға сыйға тартқан жүзігінің тарихына арналып отыр.



Бейқам жатқан қазақтың кең даласына ауыр кайғы әкеп, зобалаң салған «Қызылдар қырғыны» Жалмұқан мен Ақтоқтының шаңырағын да қиындыққа душар етіп, бар мыңғырған малы мен дүние-мүлкінен айырады. Бір кездері берекелі тірлігі мен сән-салтанатты өмірі енді тек асқақ арманға айналған отбасы сол кездері азапты күндерді бастан өткеріпті.

манда мықты зергерлер мен шеберлер күмістен әдіптеп соққан шолпылар, сакиналар мен моншақтар көп болатын. Ұзатылған шағымда уыстап тұрып таратқаны әлі есімде. Қазір тарихтан сыр шертетін құнды жәдігерлерге айналған шолпылар мен сакиналарды «қартайған кезінде тағарсың» деп, ортасында тасы бар қаптырмаларын да ұсынды. Дәл осылардың ішінде ең қастерлі әрі құндысы осы жүзік болатын. «Мұны сенен талайлар сұрайды. Бірақ ешкімге беруші болма! Бұл Ақан серінің нағашы апаң Ақтоқтыға сыйлаған жүзігі» деп аманаттап тапсырды. Содан бері көздің қарашығындай сақтап келемін, – дейді Орынбасар апа.

Елдің еркесі әрі жігіттің төресі болған Ақан серінің ғашығы Ақтоқтымен арасындағы баянсыз махаббат дастаны күні бүгінге дейін ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, боямасыз тарихымен халықтың жүрегінде өшпес мұра болып сақталып келеді. Сол ғашықтық хикаяның бір сәттерінде осы жүзіктің тұрмысқа шығып кеткен Ақтоқтыға Ақан серінің қалай сыйға тартқаны да арагідік айтылып жатады.

– Ақан серінің әніне арқау болған Ақтоқты анамыз аса сұлу болса керек. Жалмұқан ағамыз да Ақан серімен арадағы жағдайды білгенімен, ол елдің еркесі болғандықтан шынайы құрмет көрсетіп, ерекше сыйлапты. Ақан сері Қызылағашта орын тепкен Жалмұқанның шаңырағында талай қонақ болған екен. Сері домбырасын шертіп танды-таңға ұрып өнін әуелеткен күндердің бірінде нәрестелі болып, шымылдықтың ар жағында отырған Ақтоқты анамызға ешкімге сездірместен орамалға түйілген түйіншекті тастап кетіпті. Анамыз Ақан серіден екенін іштей сезіп, бесіктің астына бірден жасыра қояды. Орамалдағы түйіншекті содан үш күн өткен соң барып ашады. Сондағысы дәл осы жүзік екен, – дейді Орынбасар апа.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ, Ақмола облысы

Ақтоқтыға арнап талай ән шығарған Ақан серінің оған сыйға тартқан жүзігінің күні бүгінге дейін көненің көзінде асыл дүние ретінде сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа мұраға беріліп келе жатқанын біреу білсе, біреу білмейді. Ақан серінің Ақтоқтыға сыйға тартқан жүзігін бүгінде өзі де ардақты әже болып отырған Ақтоқтының жиен немересі – Орынбасар Төкенова көзінің қарашығындай сақтап отыр. Ғашықтық оқиғаның үнсіз куәгері әрі серінің қолының табы қалған жүзіктің тарихы да аса қызық.

Бүгінде Көкше өңірінде тұратын Орынбасар апа жүзікті сақтаудың өзі оңайға соқпағанын, талай адам қолқалап, тіпті сатып алмақ болса да көнбегенін айтады. Жүзікті Орынбасар апайға анасы Қанипа, яғни Ақтоқтының туған қызы әшекей бұйымдар сияқты құнды заттарымен бірге сыйлапты. Нағашы апасынан жеткен тарихы құнды жәдігер жүзік Кеңес үкіметінің қолдан ұйымдастырған ұжымдастыру, көмеспекелеу кезінде «Шаш алдесе бас алатын» шолақ белсенділердің қолына түсіп, жоғалып кетпес үшін жерге де көміліпті.

– Анам бұл жүзікті төрде тұратын сандығында әшекей бұйымдармен бірге көзінің қарашығындай ұқыптап сақтады. Бала-шағаға мүлде ұстатпайтын. Нағашы әжеміз – Ақтоқты бай-бағандарды көмеспекелеу кезінде құндыз жағалы тондар, әшекей бұйымдар, іс тігетін мәшінкелерімен бірге Ақан



Аумалы-төкпелі заман өтіп, ел ішін ала-тайдай бүлдірген қырғын саябырлаған шақта Тоқан деген нағашы ағамыз Ақтоқты анамыз көміп кеткен барлық бұйымды қазып алыпты. Бір ғажабы теріге ораған әлгі бұйымдардың бәрі сол күйі еш өңін де бермей сақталған екен.

сері сыйға тартқан осы жүзікті де теріге орап, жерге көміп тастапты. Сол кездері үй-үйді тінтіп, ақтарып-төңкерген шолақ белсенділер дәулеті мол, бақуатты адамдардың үйіндегі бар дүние-мүліктерінен бастап, барлық ер-тұрман, пәуескелеріне дейін түгін қалдырмай артып әкеткен көрінеді. Анамның айтуынша, төрде әкесінің қайысқан сәндеп өрген қамшысы ілулі тұрады екен. Тінтушілер оны алуға батылдары бармапты, – дейді Орынбасар Төкенова.

Дегенмен арада біршама уақыт өтіп, ел іші тынышталған кезде жүзікпен бірге Ақтоқтының барлық дүниелері жерден қайта қазылып алынады.

– Иә, аумалы-төкпелі заман өтіп, ел ішін ала-тайдай бүлдірген қырғын саябырлаған шақта Тоқан деген нағашы ағамыз Ақтоқты анамыз көміп кеткен барлық бұйымды қазып алыпты. Бір ғажабы теріге ораған әлгі бұйымдардың бәрі сол күйі еш өңін де бермей сақталған екен. Анамда сол за-

Орынбасар апайдың айтуынша, Ақан сері сыйлаған сол жүзікті Ақтоқты талай қиындықтарды бастан өткерсе де, өмірінің соңына дейін сақтаған. Оның ұлт тұлғасынан қалған мұра екенін түсінген. Бірақ жүрегінің түкпірінде жатқан сырын жан баласына айтпаған.

– Иә, жұрттың бәрінің көкейіндегі жалғыз сұрақ – біреу. Егер бір-біріне қатты ғашық болса, Ақан сері мен Ақтоқты неге қосылмаған? Бұл сауалды мен де анама талай қойдым. «Ақан сері-дей жігіттің сұлтанын кім сүймейді? Бірақ сол заманда осылай болды ғой. Несін айтасың» дейтін де қоятын. Анам екі жылдай төсек тартып, ауырып жатты. Ол уақытта мен тұрмыстамын. «Көкшетау правдасы» газетінде қызмет істейтінмін. Анам ауру әбден қажытып, тым қатты меңдеп кеткен шақта мені әдейі шақыртып алды. Төр алдындағы оюлы сандығын аштырып, орамалға түйілген күйі әшекей бұйымдардың арасында тұрған осы жүзікті алып шықты. Жүзікті қолына алған анам «Бұл – Ақан серінің менің анам, сенің әжең Ақтоқтыға сыйлаған жүзігі. Анамның аманатын өмірімнің соңына дейін сақтап келемін. Енді өзіңе аманаттап отырмын. Мұны Ақтоқты әженің көзінде көр. Ешқашан сата көрме! Ештеңеге айырбастауға болмайтын зат. Көзіңнің қарашығындай сақта! Бұл анаңның көзі ғана емес, Ақан серіден қалған жәдігер» деп көзіне жас алған. Айтқаны айдай келіп, жүзікті қоярда қоймай қызығып «Маған сат!» деп қолқалағандар көп болды. «Жассын бәрі-бір қолыңа тақпайсың. Одан да қолдан соғылған екі бірдей сом алтын сакинаға айырбаста» деді бір апайым. Анамның қадап тапсырған аманаты болған соң бере алмайтынмыды айттым. Одан кейін де талай сұрағандарға бермедім. Сол күйі сақтап келемін, – дейді Орынбасар апа.

Ақан серінің 150 жылдық мерейтойында Сәкен сері Жүнісов те дәл осы жүзіктің тарихын естіп, Орынбасар апайды арнайы алдыртыпты. Орынбасар апай жүзікті өзімен бірге ала барған. Жиналған жұрттың бәрі таң-тамаша болады. Қаламгер жүзікті қолына алып тағып көріп, музейге тапсыру туралы ақыл қосқан екен. Бірақ Орынбасар апай бұған да көнбепті.

– «Үйінде сандықта жатқанынан не пайда? Музейде қанша ел көреді. Жалмұқан мен Ақан серінің арасындағы ел аузында жайылып жүрген жаңсақ-жалған сөз де сап тыйылады. Серіден қалған жәдігерді елдің бәрі көргені жөн» деді. Бергім келгенімен, анамның алдында уәде еткен аманатқа қиянат жасауға қолым бармады. Өз қолымда сақтауды жөн көрдім, – дейді Орынбасар апа.

Сәкен серінің айтуымен, Ақтоқтыдан қалған тігін мәшінкесінен бастап әшекей бұйымдар сияқты басқа жәдігерлерді жергілікті музейге өткізгенімен, аманат болған жүзікті өзіне алып қалған. Қазір жүзіктің көшірмесі облыстық музей көрмесіне орналасқан. Ақан серінің махаббатының сертінге айналып, тарихы теренге кеткен, күні бүгінге дейін еш сызат та түспеген күйі жүзікті енді өз немересіне өсиеттеп табыстамақ ниетте.

ЗЕРДЕ

30 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

МАҚТАРАЛДА «КІТАП – АМАНАТ» ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Мемлекет басшысы дәстүрлі кітапхананың ағартушылық рөлі ешқашан мәнін жоғалтпайтынын айтқан болатын. Бүгінгі заманда кітапсыз, сондай-ақ кітапханасыз адамның ойдағыдай дамуы мүмкін емес деп баға берген Қазақстан Республикасының Президенті, кітапханалар – білім мен мәдениеттің ошағы, жаңа ойлар мен тың пікірлердің мекені екеніне баса мән берді. Осы орайда кітапханалардың жүйесі мен жұмысын ұйымдастыруға жаңаша көзқараспен қарау қажет екенін назарға алды.

Сайлаушылардың үлкен сеніміне ие «АМАНАТ» партиясы, Мемлекет басшысының «Адал азамат» тұжырымдамасын ілгерілетіп, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруда идеологиялық ауқымы кең «Кітап–АМАНАТ» жобасын қолға алғаны белгілі. Партиямыздың Әйелдер қанаты ұйытқы болған жоба ұрпақ тәрбиесі мен біліміне қызмет етіп, ұлттық мүддемізге сай келетін кітаптар басып шығару ісіне қолдау көрсетуге арналған. Шын мәнінде бұл бастама қазақтілді аудиторияны әлем әдебиетінің жауһары деп танылған кітаптардың ана тілімізде жарық көруіне, олардың өз оқырмандарын табуына жағдай жасауды,

ересек тұрғындар мен балаларды қазіргі заман әдебиетімен таныстырып, ұнаған кітаптарын сатып алу мүмкіндігін қарастырып отыр.

Республика тұрғындарының 10 пайыздан астамы шоғырланған Түркістан облысында бүгін осымен үшінші «Кітап–АМАНАТ» орталығының ашылу рәсімі өтті. Осыдан бір жыл бұрын Жетісай қаласынан ашылған орталықтың ізімен дәл осы мазмұндағы кітап алаңы Түлкібас ауданының орталығы – Тұрар Рысқұлов ауылында ашылған еді. Бүгін кезекті кітап орталығы Мырзакентте «АМАНАТ» партиясының Мақтарал аудандық филиалының ғимаратында ашылды.



Ауданның мәдени тынысын айшықтай түсуге қызмет ететін, тұрғындардың рухани сұранысын қамтып, танымдық қасиетін нығайтатын, өскелең ұрпақты білім-білікке баулитын орталықтың ашылуына «АМАНАТ» партиясы Түркістан облыстық филиалы төрағасының уақытша міндетін атқарушы, Түркістан облыстық мәслихатының депутаты Қалыйма Жантөреева, партияның өңірлік филиалы жанындағы MIRAS азаматтық қоғам мен мәдениетті дамыту жөніндегі кеңестің мүшелері, Мақтарал ауданының әкімі Ба-

қыт Асанов, аудандық мәслихат төрағасы Қадір Сәрсекбаев, партия ардагерлері, аудандық мәслихат депутаттары, партия қызметкерлері, бастауыш ұйымдардың белсенділері, жастар қатысты.

Ағартушылық орталықтың ашылуында сөз алған Қалыйма Жантөреева білімпаздық, зияткерлік, еңбеккерлік қасиеттер адам баласын кез келген тығырықтан алып шығатынын атап өтті.

«Бүгін көңілді сергітетін, көзді ашатын, рухани нәр беретін іс-шараға келіп отырмыз.

Тұрғындары еңбеккер, мақтаулы жұрт Мақтарал ауданына партияның өңірлік филиалы жанындағы MIRAS кеңесінің мүшелері табан тіреді. Облысымыздың руханиятына қызмет ететін кеңестің 2022 жылы өткен мәжілісінде қоғамда кітап оқу мәдениетін қалыптастыру мәселесін жан-жақты қарастырған болатын. Енді міне, соның нәтижесін көріп, Түркістанның көнеден келе жатқан ілім мен білімнің орталығы мәртебесін ілгерілетуде партиямыздың бастамасымен «Кітап–АМАНАТ» кеңселері бұған дейін Жетісай, Түлкібас аудандарында ашылса, бүгін Мақтарал ауданында іске қосылып отыр», – деді Қалыйма Жантөреева.

Ауданның мәдени өмірінде жарқын сәт болып қалатын орталықтың ашылуында құттықтау сөзін арнаған аудан әкімі Бақыт Асанов білімнің бастауы – кітапта екенін айта отырып, жаппай кітап оқитын қоғамға айналуымыз үшін жастарды кітаппен дос болуға, әдебиетпен сырласуға баулуымыз керек екенін айтты. Мазмұнды бастамамен көтеріп, тағылымды тәрбие орталығын ашып отырған «АМАНАТ» партиясына алғысын білдіріп, облыстық партия филиалының жұмыстарына табыс тіледі.

Ә.САМАТҰЛЫ

Жасанды интеллекттің көмегімен медицинада ауру түрін анықтауға болатынын естіп пе едіңіз? Иә, ақпарат кеңістігіне елеулі өзгеріс әкелген жаңа технологияның «шексіз қуаты» енді медицина саласына да әсер етіп отыр. Соның бір көрінісі – жасанды интеллектті маймыл шешегін диагностикалауға үйреткен алматылық оқушының ғылыми жобасы. Физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің 11-сынып оқушысы Артем Лаврентьев жоба барысында тері ауруларының суреттерін жіктеп, маймыл шешегі жағдайларын анықтауда жасанды интеллектті қолдану мүмкіндігін зерттеген.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДИАГНОСТИКА ЖАСАЙДЫ

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Мектеп оқушысының медицина мен технология саласында қолға алған зерттеу жобасын естіген бойда Артеммен байланысқа шығып, идеясы туралы толығырақ өзінен сұрап білген едік. Өңгіме барысында Артем жобаны жүзеге асыруға әсер еткен оқиғалары мен зерттеу кезіндегі процесс барысын бөлісті. Кейіпкеріміз медицинаның әртүрлі салаларына жасанды интеллектті енгізу қазіргі заманғы әлемдік денсаулық сақтау жүйесінің трендіне айналғанын және болашақта мұндай технологиялар әлемдік медицинаға диагностика процесінен бастап жаңа препараттарды әзірлеуге дейін түбегейлі өзгерістер алып келетінін атап өтті.

– Пандемия уақытында ғалымдар ауруды диагностикалауда AI қолданумен айналысты. Мысалы, терең нейрондық желі COVID-ке оң ПТР тестілері бар науқастардың рентгендік суреттерін «зерттеді». Әлем маймыл шешегі (трох) вирусының таралуына тап болған уақытта мен



бар күшімді осы салада жасанды интеллектті қолдануды зерттеуге арнаймын деп шештім. Өйткені ДСҰ 2022 жылы маймыл шешегі індетін халықаралық деңгейдегі денсаулық сақтау саласындағы төтенше жағдай деп жариялады. Эндемиялық емес елдерде рас-талған жағдайдың көпшілігі Еуропа мен Солтүстік Америкада тіркелген. Бұл ауру Африка елдерінде дендеп барады. Өкінішке қарай, мұнда денсаулық сақтау жүйесінің мүмкіндіктері шектеулі. Мені медицина мен жасанды

интеллект саласы қызықтырады. Болашақта жасанды интеллектті қолдану әртүрлі ауруларды диагностикалаудың негізгі құралына айналуына сенімдімін, – деді ол.

Артем модельді Python тіліне арналған Keras Tensorflow кітапханасының көмегіне сүйене отырып жүзеге асырған. Зерттеу мақсаты деректер жиынтығына негізделген алты ауру түрінің суреттерін ажыратуға қабілетті модельді әзірлеу және тестілеу, дәлдік, сондай-ақ модельді жақ-

сартудың ықтимал жолдарын анықтау үшін классификация кәсіпкерін талдауға бағытталған.

– Зерттеу кезінде мен алдын ала оқытылған VGG 16 терең оқыту моделін бейімдеу, соның ішінде реттелетін қабаттарды қосу және гиперпараметрлерді баптау кезеңдерінен өттім. Модель тері зақымдануының алты класының суреттерін қамтитын арнайы дайындалған деректер жинағында оқытылды: маймыл шешегі, жел-шешек, сиыр шешегі, қызылша, энтеровирустық везикулярлық стоматит (HFMD) және сау тері. Суреттер әртүрлі этникалық және тері типтерін көрсететін науқастардан алынды. Бұл өз кезегінде деректер жиынтығын әмбебап модельдерді әзірлеуде құнды етеді. Модельдің дәлдігін арттыру үшін оның параметрлері егжей-тегжейлі бапталған. Жобада алғашқы 12 конволюциялық қабат-тын салмақтары бекітілді. Сәйкесінше, олар алдын ала алынған негізгі ерекшеліктерді сақтап қалды. Ал классификацияны орындау үшін алынған ерекшеліктерді өңдейтін соңғы 4 конволюциялық және толық байланысқан қабаттар оқытылды. Бұл модельге тері зақымданулары туралы деректер жиынтығының ерекшеліктеріне бейімделуге мүмкіндік берді, – деді Артем.

Эксперименттік әдістеме модельді оқыту мен оның тиімділігін бағалау үшін дәлдік, толықтық, F1 көрсеткіші және жалпы дәлдік секілді метрикаларды қамтиды. Нәтижесінде, эксперименттік модель жоғары дәлдік 95 пайызға жеткен. Әсіресе, маймыл шешегі мен энтеровирустық везикулярлық стоматит жағдайларын анықтау кезінде оң нәтижелер алынған.

– Қазір біз жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін түсіне отырып, тиімді тұстарын «тестілеуден» өткізіп отырмыз. Ғылыми жобамның мақсаты – терең оқыту моделін пайдалану арқылы маймыл шешегі вирусынан туындаған тері зақымдануын автоматтандырылған түрде тану әдісін әзірлеу. Модельдің жалпы мүмкіндігін жақсарту үшін жаттығу суреттеріне деректерді толықтыру (аргументация) әдістері қолданылды. Бұл әдіс мынадай манипуляцияларды қамтиды: айналдыру, ені мен биіктігі бойынша жылжытулар, жылжыту және масштабтау, горизонтальды айналдыру, – деді жас дарын.

Келешекте Артем жобаны әрі қарай жетілдіргісі келетінін және осы жолда кәсіби мамандардың қолдауы маңызды екенін жеткізді.

– Қазіргі уақытта зерттеу жұмысын жалғастырып келе жатырмын. Шынымды айтсам, IT-мамандардың сараптамасына қызығушылығым ерекше. Егер AstanaHub-тың тәжірибелі программистері мені осы мәселеде қолдап, модельдің кодын тексерсе, егер мүмкіндік болса, жобаны өрмен қарай жақсартуға көмектесе, керемет болар еді. Осы тұста кәсіби мамандар сұхбатымды оқитынына және жобаны бірлесе жетілдіруге мүмкіндік туарына үміттімін, – деді оқушы А.Лаврентьев.

Талапты жастың айтуынша, әзірленген модель инфекциялық ауруды бастапқы диагностикалау құралы ретінде қолданылып, денсаулық сақтау жүйесіне түсетін жүктемені азайтуға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта оқушы маймыл шешегін диагностикалау үшін Telegram чат-ботын әзірлеуде.

АЙҚЫНДАМА

30 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

АУЫЗСУ КЕЛЕР КҮН ЖАҚЫН

Қарағанды облысында орталықтандырылған су әлі күнге дейін бірнеше ауылдық округке жеткен жоқ. Сапалы ауызсумен қамтамасыз ету жалғасуда. Бүгінде ауылдықтардың 93,6%-ы орталық сумен жабдықталған. Келесі жылы бұл көрсеткіш 100%-ға жетеді деп жоспарланып отыр.



Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ, Қарағанды облысы

Облыстық Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Арман Саттыбаевтың айтуынша, 117 ауылда су бар, бірақ оның өзі тұрғындар аулаларында өздері қазып алған ұңғымаларда ғана. Осылайша, 13 мыңнан астам адам әлі күнге дейін орталықтандырылған суға зәру.

— Биыл 15,6 млрд теңгеге 38 сумен қамту нысаны іске асырылуда. Жыл соңына дейін 14 құрылыс нысаны мен 26 кешенді блок модульді пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз, — дейді Арман Сәттібаев.

Алайда орталық су құбырына қосылатын ауылдық округтердің нақты саны әлі толық анық емес. Бұл ретте Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысы-

ның орынбасары өңірді ауызсумен толық қамту келер жылы ғана жүзеге асатынын айтады. Ауызсумен қамту бағдарламасын аяқтау үшін қарағандылық шенділер республикалық бюджеттен тағы 3,5 миллиард теңге бөлу туралы жоғары тұрған органдарға сұраныс жолдаған.

Бүгінде жергілікті атқарушы органдар кешенді блоктық модульдер арқылы ауылдық елді мекендерге ауызсу тартуды көздеп отыр. Бұқар жырау ауданының әкімі Ерлан Құсайын:

— Биыл үш елді мекенге су құбыры тартылады. Келер жылы тағы төрт ауылға кешенді блок модульдерін орнату жоспарланса, тұрғындар одан бас тартып отыр. Олар үйлеріне орталықтандырылған су құбыры тартылғанын қалайды. Сонымен қатар бір ауылдың аумағында сiбір жарасынан өлген малдар көмілген мал қорымдары бар. Тиісінше, ол жерге тіпті блоктық мо-

диль орнату да мүмкін емес, яғни суды тасымалдау ғана қалды, — дейді.

Егер Бұқар жырау ауданында айтылған мәселелерге қарамастан, сумен қамтамасыз ету жағдайы жақсы көрсеткіштердің бірі болса, ауызсумен қамтудың ең төменгі көрсеткіші Қарқаралы ауданында қалып отыр. Біле білгенге Қарқаралы — Балқаштан кейінгі облыс бойынша туристік аймақ. Аудан әкімі Әділжан Арғынов уәде еткендей, жыл соңына дейін 46 елді мекен сумен қамтылады. Тағы бір су мәселесі бар аудан — Шет ауданы, оның әкімі Мұхит Мұхтаров та 29 ауылдық округ пен ауылға су келеді деп сендірді. «Қарағанды облысы бойынша барлығы 225 ауыл орталықтандырылған сумен қамтылған. Ауызсумен қамту мәселесі үнемі бақылауда», — деген болатын арнайы жиында Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

«Алда тұрғындардың, әсіресе ауылдық жерлердегі өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін сумен қамту жолдарын салу және қайта жанарту бойынша үлкен жұмыс күтіп тұр. Міндеттер айқындалып, қаржыландыру мәселесі шешілуде. Бұл — бюджетті құру кезінде ескерілуі тиіс бірінші кезектегі міндет. Жұмысты дұрыс ұйымдастырып, жауапкершілігімізді ұмытпағанымыз абзал», — деп тапсырма да берді аудан әкімдеріне Ермағанбет Бөлекпаев.

Естеріңізге сала кетейік, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің жергілікті атқарушы органдарға 2025 жылға қарай халықты 100 пайыз таза ауызсумен қамтамасыз ету міндетін қойған болатын.

Қазір жол-көлік оқиғасы жиілеп, еліміз аумағындағы үлкенді-кішілі автожолдардың бойында қайғылы оқиғалар көбейіп кетті. Мұндай өкінішті жағдайлар жайлы ақпараттар легі толастамайды. Күрежелдер жақсара бастағанымен, жол қозғалысы ережелерін сақтамайтындар саны азаяр емес. Осыған байланысты қазір жол қозғалысын бақылауды барынша күшейтуге назар аударыла бастады. Жақында Алматы облысының негізгі автомагистралдарында ІІ заманауи «Сұңқар» аппараттық-бағдарламалық кешені пайдалануға берілгенін аталған бағыттағы нақты қадамдардың бірі ретінде бағалауға болады.

ЖОЛДЫ «СҰҢҚАР» БАҚЫЛАЙДЫ

А Болат АБАҒАН, Алматы облысы

— Бұл жоғары технологиялық жүйелер Алматы-Көкпек-Көктал, Алматы-Шелек-Қорғас және Алматы-Өскемен трассаларында орнатылған. «Сұңқар» кешендері жол жағдайын тәулік бойы бақылауға арналған. Олар жылдамдық режимінен асып кетуді, жол қозғалысы ережелерін бұзуды және жүргізушілердің басқа да қауіпті әрекеттерін бірден тіркейді. Жол қозғалысын бақылауды барынша күшейтудің басты мақсаты — жолдағы апаттылықты азайту, көлік жүргізу мәдениетін арттыру және жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету — біздің басты

басымдығымыз. «Сұңқар» сияқты технологиялар қозғалысқа қатысушылардың өмірі мен денсаулығын қорғай отырып, тиімді әрі жедел әрекет етуге көмектеседі, — дейді Облыстық әкімшілік полиция басқармасының бастығы Еркебұлан Ахметов.

Бағдарламалық қамтамасыз етілуі мен айқындығы аса жоғары камералардың көмегімен автоматты түрде жұмыс істейтін аппараттық-бағдарламалық кешен жүйенің арқасында жол апаттары барынша азаяды деген үміт үлкен. Кешендерге түскен ақпараттар бірден бірегей базаға жолданып, сонда өңдеуден өткізілген соң тәртіп бұзған жүргізушілерді жауапкершілікке тартуға негіз болады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сатып алу ұйымдастырушы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алудың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 23 f-тармағы негізінде Университетке қарасты факультеттердің оқу-өндірістік және қызметтік қажеттіліктеріне байланысты кеңсе жиһаздарын қосымшаға сәйкес сатып алу.

Сатып алудың нысаны болып табылатын орындалатын жұмыстардың мерзімі: тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап күнтізбелік 25 күн ішінде.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұранамыз:

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
2. Сатып алу нысаны болып табылатын тауарларды жеткізу саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (келісімшарт, жүкқұжат, электрондық шот-фактура);
3. Әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;
4. Әлеуетті өнім берушінің тауарлардың сапа сәйкестігін тексеру мақсатында олардың қажетті үлгілерін, каталогтарын немесе суреттерін өткізуге тиіс.
5. Әлеуетті өнім беруші ҚКС төлеуші болса, ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚКС қарастыру керек.
6. Әлеуетті өнім берушінің уәкілетті органнан берешегі жоқ туралы анықтамасы;
7. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында әлеуетті өнім беруші ұсынған жалпы сомасының кем дегенде 5% мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізуі шарт; Тапсырыс беруші: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.САТТАРХАНОВ даңғылы, 29В, БСН 990440008043, БСК HSBKZKX, ЖСК KZ436010291000010707, «Қазақстан Халық банкі» АҚ.

Сатып алынатын тауарлардың тізімін (қосымша) <http://ayu.edu.kz/> сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 06.12.2024 (12:00), №201 кабинет.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинетке қабылданады.

«ҚАЗАКТЕЛЕКОМ» АҚ КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН САТУ БОЙЫНША АУКЦИОН ӨТКІЗІЛУІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАЙДЫ

1. Объектілердің сипаттамасы: Топтама №1 УАЗ 39094, жеңіл, шыққан жылы 2006; Топтама №2 Chevrolet Niva, жеңіл, шыққан жылы 2005; Топтама №3 ГАЗ 322132-220, жолаушы тасымалдайтын, шыққан жылы 2005; Топтама №4 УАЗ 3163 034, жеңіл, шыққан жылы 2007; 2. Аукцион өткізу орны: Ақтөбе қ., Есет батыр к-сі, 41а, 14-МЖТТ. 3. Сауда-саттық әдісі — ағылшын. 4. Бастапқы (старттық) бағасы:

Топтама №1 УАЗ 39094 — 275 500,00 теңге; Топтама №2 Chevrolet Niva — 167 833,00 теңге; Топтама №3 ГАЗ 322132-220 — 228 000,00 теңге; Топтама №4 УАЗ 3163 034 — 212 167,00 теңге; 5. Аукцион өткізілуінің күні және уақыты: 30.12.2024 ж., 14 сағат 00 мин. 6. Кепілдік жарна аукцион қатысушысы сатушының банк шотына мына реквизиттер бойынша: (14-МЖТТ) «Қазақтелеком» АҚ филиалы «Желі» дивизионы» бірлестігі, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ., Есет батыр к-сі, 41а; БСН 940241000314, ЖСК KZ63601A861011913761, БИК HSBKZKX, «Қазақстанның Халық банкі» АҚ, ақша аудару жолымен енгізіледі, сату объектісінің бастапқы (сөрелік) бағасынан 5 пайыз мөлшерінде. Егер сатып алушы аукционға бірнеше объект бойынша қатысқан жағдайда, кепілдік жарна бір объект үшін ең үлкен бастапқы (сөре) бағамен бастапқы (сөре) бағадан 10 пайыз мөлшерінде салынады. Сауда-саттықта жеңген және сатып алу-сату шартын жасасқан қатысушының кепілдік жарнасы өтелетін қаржы шотына сатып алу-сату шарты бойынша жатады. Қатысушы кепілдік жарнаны аукцион басталуына дейін 2 күнтізбелік күннен кешікпей салуы керек. Кепілдік жарна Сатушының шотына Қатысушы атынан басқа да жеке тұлға немесе заңды тұлға аударуы мүмкін. 7. Алынған сату объектісі бойынша төлемнің шарттары: Сатып алушы шарт жасасқан күннен бастап банктің 5 күні ішінде көлік құралы үшін ақысын төлейді. 8. Өтінімдер аукцион өткізілуі туралы хабарландыруды жариялаған күннен бастап, 29.12.2024 жылы сағат 09:00-ден 17:00-ге дейін Ақтөбе қ., Есет батыр к-сі, 41а мекенжайы бойынша қабылданады. 9. Барлық сұрақ бойынша: Астана қ., Есет батыр к-сі, 41а мекенжайы бойынша жүгінуге болады, анықтама үшін телефондар: (техникалық сұрақтар бойынша) 8(7132) 53-25-66, 8-777-076-84-65.

АО «КАЗАХТЕЛЕКОМ» ОБЪЯВЛЯЕТ О ПРОВЕДЕНИИ АУКЦИОНА ПО РЕАЛИЗАЦИИ ТРАНСПОРТНЫХ СРЕДСТВ

1. Описание объектов: Лот №1 УАЗ 39094, легковой, 2006 года выпуска; Лот №2 Chevrolet Niva, легковой, 2005 года выпуска; Лот №3 ГАЗ 322132-220, пассажирский, 2005 года выпуска; Лот №4 УАЗ 3163 034, легковой, 2007 года выпуска; 2. Место проведения аукциона: г. Ақтөбе, ул. Есет батыра, 41а, ТУСМ-14 3. Метод торгов — английский. 4. Начальная (стартовая) цена: Лот №1 УАЗ 39094 — 275 500,00 теңге; Лот №2 Chevrolet Niva — 167 833,00 теңге; Лот №3 ГАЗ 322132-220 — 228 000,00 теңге; Лот №4 УАЗ 3163 034 — 212 167,00 теңге; 5. Дата и время проведения аукциона: 30.12.2024 г., 14 час. 00 мин. 6. Гарантийный взнос вносится участником аукциона путем перечисления денег на банковский счет продавца по реквизитам: Обьединение «Сеть» (ТУСМ-14) - ф-л АО «Қазақтелеком», Республика Казахстан, г. Ақтөбе, ул. Есет батыра, 41а, БИН 940241000314, ИИК KZ63601A861011913761, БИК HSBKZKX в АО «Народный банк Казахстана», в размере 5 процентов начальной (стартовой) цены объекта продажи. Если покупатель желает участвовать в аукционе по нескольким объектам, гарантийный взнос вносится в размере 10 процентов начальной (старт) цены за один объект с наибольшей начальной (старт) ценой. Гарантийный взнос участника, победившего в торгах и заключившего договор купли-продажи, относится в счет платежей по договору купли-продажи. Гарантийный взнос должен вноситься участником аукциона не позднее 1 календарного дня до начала аукциона. Гарантийный взнос может быть перечислен от имени Участника любым другим физическим или юридическим лицом на счет Продавца. 7. Условия оплаты по приобретенному объекту продажи: покупатель в течение 5 банковских дней со дня заключения договора купли-продажи производит оплату за транспортное средство. 8. Заявки принимаются со дня опубликования объявления о проведении аукциона с 09:00 до 17:00 часов и заканчивается прием 29.12.2024 года по адресу: г. Ақтөбе, ул. Есет батыра, 41а. 9. По всем вопросам обращаться по адресу: г. Ақтөбе, ул. Есет батыра, 41а, телефоны для справок: 8(7132) 53-25-66, 8-777-076-84-65 (по техническим вопросам).

«Күлкінің жеңбейтін
дұшпаны жоқ».

Бауыржан Момышұлы

«АРА» — ара болады,
шаққан жері жара болады».

Оспанхан Дүбәкіров

«Күле білу — өмір,
күлдіре білу — өнер,
күлкі болу — өлім».

Сейіт Ненжеахметұлы

АРА



30.11.2024 ж.

«Айқынның»
сатиралық қосымшасы

ШАРДАРА ШОРТАНДАРЫ



– Шардарада шортандар көп екен, – деді менің Қожанасырым жетіп келді де.
– Оны несіне жерден жеті қоян тапқандай дабырайтып айтып отырсың? Су айдыны болған соң шортаны да, шабағы да болады ғой, – деді Алдаркөсе тіксініп.
– Дұрыс айтасыз, – деп оп-оңай келісті Қожекен, – бірақ мен теңіздегі шортандарды емес, осы қаладағы шолжаңдарды айтып отырмын.
– Сонда ол шолжаңдарыңыз не істеп қойыпты?
– Кеше ғана ҚР Сыбайлас жемқолдыққа қарсы агенттігінің өкілі Данияр Бекайдаров жалпақ жұртқа жар салып тұрып айтты.
– Нені айтты?
– Сабыр етіңіз, Алдар аға! Қазір асықпай баяндаймын. Оқиға былай болған.
Шардара аудандық білім бөлімінің басшылары мемлекет меншігіндегі қаржыны ту-талапай студің асқан үлгісін ойлап тапқан ғой. Олар есепшілермен бірігіп, сайда саны, қырда елесі жоқ таныс-тамырларының есепшоттарына «мынадай іс қылды» деп жалған құжат толтырып, қаржы аударып келген. Әрине, адасып кеткен ақшалар қымқырушыларды адаспай тауып отырған. Осындай қитұрқы әдіспен олар үш жылда мемлекеттің 4 миллиард теңгесін қолды етіпті. Мынадай ойынды мен деген сиқыршы да ойлап таба алмас еді. Бірақ шардаралық шортандар бір секірді, екі секірді, ақыры қақпанға өздері келіп түсті.
– Япыр-ай, – деп жағасын ұстады Ардаркөсе, – мынадай да сұмдық болады екен-ау.
Бүгінде шортандардың мойындарына су кетіп жүр. Сотқа дейінгі тергеу-тексеру жұмыстары бітіп те қалды. Ресми өкілдің айтуынша, олардың кейбірі жұтқандарын қайта құсыпты.
Әй, дегенмен шортандықтың да шортандығы бар-ау. «Мың асқанға бір тосқан» деген осы...

Тұрды ҚАРАШАҰЛЫ

ҚИТЫҚТАР ҚАТЫРАДЫ, Ә!

Көкжиек кентіне Ғалым Садырбаев әкім болып келген күні қитық руының игі жақсылары түн жамылып Жұбаныш Айтабергеновтің үйінде жиналды. Оған құмды ауылдан ат арылттып Шапалақ Мапалақұлы да келіп үлгерді. Екеуі де дөй еді. Дөй болғанда да екеуі де кезінде аудан басқарған, Жоғарғы кеңеске депутат болып, үлкен астаудан дәм татып келген мықтылар. Бұларға Көкжиек кенті ардагерлер кеңесінің төрағасы Күлгінбай Төлепбергенов келіп қосылды. Ол да аудан басқарған ірі еді.

– Шырағым, бұл кентке кімдер әкім болмады десеңші! Өзіміздің қитық руынан да бірнеше баламыз әкім болды. Шындығында, оларды сүйрелеп, шынға шығарған өзіміз едік. Бірақ солардың біразы болбыр болды. Сенімімізді ақтамады. Бірі Ташкент асып, қыз-қырқынмен ойнап-күліп жатқанда жоғары жаққа сыры мәлім болып, қызметімен қоштасты. Екіншісі, құлқынын тия алмады. Ендігі үмітіміз өзінде, айналайын, – деп Жұбаныш ата сөз бастады.

– Мына дулыға руының кісілері біз десе қасқыр көрген ешкі-көзденіп шыға келеді. Оларды маңайына жолатпа. Қолыңда билік бар ғой, есебін тап та тентіретіп жібер. Олар бізге бәрібір ағайын бола алмайды, – деп Шапалақ өз білгенін айтты.

Күлгінбай ақсақал да қарап отыра алмады. Дулыға руының дұшпандығын сан мың дерекпен түйіндеп, Ғалымның басын айналдырып жіберді. «Осынша аталар дулыға руының дұшпандығын айтып отыр. Өзім де бұрыннан ішім сезуші еді. Бұларға бір амал қылайын» деп жас әкім ішінен жоспар құрып тұрды.

Қитық руының көшбасшылары түннің әлдебір уақытына дейін отырды. Ғалымның басына ғылыми тұжырымдалған кеңестерін құйып бақты.

Ал ертесіне жас әкім басқа адам болып ояны. Оның дулыға руының адамдарын көрсе іші бүрісіп, беті тырысып калатын болды. Сол күні астыртын сұрау салып, әкімшілікте қаншама дулыға руының адамдары қызмет жасайтынын сұрастырып білді. Олар да қитық руының қитығына тию үшін біраз жиналып-ақ қалыпты. «Шеттеріннен құрттамын» деп іштей жоспар жасап қойды.

Кентте кемшіліктер ырғын еді. Сол толып жатқан олқылықтардың басым көпшілігіне дулыға руының адамдары кінәлі



болып шыға келді. Тіпті, бұл қызметке түк те қатысы болмаса да кінәні бастарына үйіп-төкті. Мұнымен де шектелмей, бір жиналыс үстінде Құрылыс басқармасы басшысының қолына кісен салдырды. О заман да бұ заман өз қызметкерін дәлел-дәйексіз Қаржы полициясына ұстап берген әкім әлемде жоқ-ты. Бірақ аталарынан бата алған жас әкім райынан қайтқан жоқ. Қайта өршелене түсті.

Құрылыс басқармасының басшысы да қаражауу емес-ті. Оның мемлекет мүлкін таран-таражға салғаны дәлелденбей, Қаржы полициясындағыларды біраз әуреледі. Егер күдікті деп ұстаған адамы кінәдан пәк болып құтылып кетсе, ұстағандар жазасыз қалмайды. Сондықтан олар қалайда ұсталғанды кінәлі етіп шығаруға барын салды.

«Үштік» ұйым Ғалымның үйіне тағы да қас қарая келді. Әкім аталарын қол қусырып қарсы алды. Келіншегіне қазан көтертіп, аталарын төрге оздырды.

– Енді қитық атаның балалары атқа қонған екен, бабаларымыздың аруағы үшін жұмыс істеуіміз керек. Бұл үшін ғалым Төкебай Көкебайұлының еңселі ескерткішін қаланың қақ ортасына қойсақ, басқа рулардың адамдарының мысы басылады. Қалаға батыстан кіреберіске Алпауыт батырдың үлкен ескерткішін орнатуымыз керек. Алпауыт батыр біздің қитық руынан екенін сен білетін шығарсың. Білмесең, батырлар жырын оқы. «Жыңғылды деген елінде, Қитық деген жерінде» деп басталатын батырлар жыры бар емес пе? Соның өзі Алпауыт батырдың қитық руынан шыққанын дәлелдеп тұр емес пе? Ендеше осы бабаңа неге ескерткіш қоймасқа?

Оны мен айтқан жерге орналас-тырсақ, осындағы барлық рудың құты қашады. Яғни, қаланы ұстап тұрған біз екеніміз айқын көрінеді, – деп Жұбаныш жеке сөз бастап еді, қалғандары түгел қоштады.

Ертесіне Ғалым қитық руының кәсіпкерлерін жинап, кентке кіреберіс жерге Алпауыт батырдың ескерткішін орнату туралы тапсырма берді. Әкім тапсырма берген соң өзгелер қарап тұра ала ма, ғалым Төкебай Көкебайұлының алып ескерткіші кенттің қақ ортасынан бой көтеріп, соны ғылыми конференцияға ұласты. Мұнан соң қаланың кілті болып ежелден менмұндалап тұратын кент гербінің қасындағы полиция бекетінің ғимаратын сүргізіп тастап, биіктігі төрт метр тұғыр орнатты. Қазір қитық туының қас батыры Алпауыт батырдың ескерткішінің ашылуына үлкен дайындық жұмыстары қызу жүріп жатыр.

Бүгін «үштік» одақтың бас идеологтары қала мәрі үйінде және жасырын жүзdestі. Бұл жолы не туралы ақылдасқандары, кімді құртып, кімді соттату керек екені туралы жасырын мәміле жасалғаны сыртқа шықпай қалды. Сірә, «үштік» осындағы өз еңбектерімен кәсібін дөңгелетіп жүрген біраз кәсіпкердің дүние-мүлікін берсе қолынан, бермесе жолынан тартып алу жолдарын үйреткен тәрізді.

Осындай ақылмандар бар жерде қазақ тұтастығы сақтала ма? Қалай көсегеміз көгереді? Ал Көкжиек кентінің тұрғындары кешегі отыз жетінші жылдың қырғыны келіп қалды ма деп ішкені ірін, жегені желім болып отыр.

Дәурен ДОСБЕРГЕНҰЛЫ

ШОҚ ТІЛДІ ШОНАНЫҢ ТОЙЫ



Тараз қаласында шоқ тілді Шона Смаханұлының туғанына 100 жыл толуына орай «Шоқтығы биік Шона» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Әуелі жиналғандар Тараз қаласындағы №44 жалпы білім беретін мектептің фойесіндегі Шона Смаханұлының бюстіне гүл шоқтарын қойып, рухына тағзым етті.

Ғылыми конференцияда модераторлық еткен ақын, «Қазақ әдебиеті» газетінің Бас редакторы Бауыржан Жақып сара сатириктің өмір жолдарын айта келіп, оның күрескерлік қабілеті мен педагогикалық қырына да тоқталды.

Шона Смаханұлы жастайынан тағдырдың тауқыметін аз тартпапты. Ұлы Отан соғысына қатысады. Сөйтіп, жүргенде Талас ауданына іссапармен барған Асқар Токмағанбетов жас талапты кездестіріп, оның болашағына зор үміт күтеді. Кейіннен өзімен үндес, ойы қанаттас інісі жайында: «Шонаны таптым. Шонаны тауып шындықты тапқандай болдым. Ойың, көзқарасың, пікірің бір әрі әріптес іні табу адамды ерекше қуанышқа бөлейді екен. Шона – жарқ-жүрк еткен алмас қылыш. Батыл қаламгер бола беруі мүмкін, ал ол – батыр» деп әріптес інісінің шығармашылығы мен қайраткерлік болмысына биік баға берген екен.

Баяндамашы сондай-ақ сатирик ақынның қазақ тілін қорғаудағы ерлігін айтып өтті. Қаламгер саналы ғұмырында қазақ сатирасын дамытуға үлкен үлес қосқан. Ол қай кезде де ақиқаттың ақ туын жоғары көтеріп, өзінен кейінгі ұрпағына үлгі-өнеге бола білді.

Содан соң сөз алған Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев Шона ағасының қазақ әдебиетінде алар орны туралы толғамды ойларын жеткізді. Ал ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев сатира сардарының мерейтойына арналған конференцияның тағылымдық әрі танымдық маңызы зор екенін ерекше атап өтті.

– Ұлттық әдебиет пен өнердің тойы Шона Смаханұлының 100 жылдығы құтты болсын! Мемлекеттілік пен егемендікті нығайтуға, ұлт руханиятын дамытуға өлшеусіз үлес қосып жүрген зиялы қауым өкілдерінің еңбегін Қасым-Жомарт Тоқаев жоғары бағалайды. Президент тапсырмасына сәйкес, есімі елге белгілі тұлғалардың мерейтойлары кең көлемде аталып өтілуде. Бүгінгі шара сол маңызды бастамалардың жарасымды жалғасы іспетті, – деді Мәлік Отарбаев.

Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының орынбасары, ақын Қасымхан Бегманов Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Мереке Құлқеновтің құттықтауын жеткізді.

ТҮРКСОЙ Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулет сатириктің тойы бүкіл түркі дүниесінің тойы екенін айта келіп, ағасының қазақ тілінің жанашыры болғанын, Алматыда бірнеше қазақ мектебін ашқызығанын айтып өтті. Ал тараздық жазушы Көсемәлі Сәттібайұлы Астана, Алматы қалаларындағы мектеп пен көшелердің біріне Шона Смаханұлының есімін беруді ұсынды.

Конференцияда профессор Қансейіт Әбдәулет, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, көрнекті сыншы Құлбек Ергөбек, филология ғылымының докторы, профессор Жанғара Дәдебаев, жазушы, драматург Елен Әлімхан, филология ғылымының докторы, профессор Нұрдәулет Ақыш, сатириктер Ермахан Шайхы, Алпысбай Боранбаев сөйледі.

Конференция соңы гала-концертке ұласты.



Сыйлық аламын деп жер сипап қалды

Түркістан облыстық Ветеринария басқармасының басшысы Бақытжан Бегманов қарап отырмай қиялға берілді. Ол жуырда ғана 115 қызметкеріне сыйлық таратқан болатын. Осыншама адамға 5,5 миллион теңгені бостан-босқа беріп жібере салуға болады ма? Өзіне жақын адамдармен сөйлесіп көріп еді, олар ыңғайына жығыла кетті.

– Басеке! Бұл аз қаржымен байып кетпеспіз. Сізге деген құрметіміз болсын! Сыйлықты сізге жинап бере салайық, – деді үнемі ық жағында жүретін бір орынбасары.

Орынбасар орнықты сөз айтқан соң қызметкерлер «қой құрысын, осы сыйлықсыз-ақ күн көріп ек қой. Қайта бастыққа бір нәрсе беріп, көңілін аулап қояйық» деп бірауыздан шешім қабылдап кеп жіберді. Бірақ көптің аты көп қой, осы «жомарттықты» біреу антикордың құлағына сыбырлай қойды.

Ұят болғанда, сыбағасыз сыйлықтарды бәсекең жинап алып жатқанда антикордың құрығына ілікті.

Жуырда Түркістан қалалық соты осы істі қарап, облыстық Ветеринария басқармасының басшысы Бақытжан Бегмановты үш жарым жылға бас бостандығынан шектеп, мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде лауазымды қызмет атқару құқығынан өмір бойына айырды.

Сыйлық аламын деп жер сипап қалған басшы бүгінде бармағын сорып отыр. «Қап! Жан-жануарлардан да ұят болды. Сендерге қызмет еткенде үндемейтін едіңдер. Не берсем де ала беретін едіңдер. Бәленің барлығы өзімізден – адамдардан шығады» деген ой келді оған.

Әй, адамдар-ай! Адамдарды аямайтындарың жаман осы...

С. ӘЛ-СОЗАҚИ

ЖАҢЫЛТПАШТАР

Құр бекерге жатпайық,
Кел, жаңылтпаш жаттайық!
Жаңылтпашты жаттаған
Құрдастарды жақтайық.

Құр бекерге жатпайық,
Кел, жаңылтпаш
жаттайық!
Жаттағанға жаңылтпаш
«Үздік» деген ат лайық!
Кел, жаңылтпаш жаттайық!

Астана – менің жас қалам,
Жас қала – менің Астанам!
Астана – менің бас қалам,
Бас қала – менің Астанам!
Астана – менің Астанам!

Мединаның анасы – Марал,
Мединаның анасы – Самал.
Адинаның анасы – Жамал,

Қалиманың анасы – Амал.
Марал – Мединаның анасы,
Самал – Мадинаның анасы.
Жамал – Адинаның анасы,
Амал – Қалиманың анасы.
Кім кімнің болды анасы,
Байқап бір өзін қарашы?

Тағатта сағат бар ма?
Таңатта сағат бар ма?

Тағатта сағат бар болса,
Тағат сағатын
Таңатқа берсін!

Қорғанбай қорғанды
қорғайды,
Қорғанбай қорғанды
қорғамаса,
Қорғанбайдан басқа
қорғанды кім қорғайды?

Асу, ашу, ас су, аз су:
Аз су, ас су, ашу, асу.

Түнім күнге,
Күнім түнге ауысты.
Түнім күнге,
Күнім түнге ауысқаны
жақсы ма?
Түнім күнге,
Күнім түнге ауысқаны
жақсы ма?

КҮЛКІ
КЕРУЕНІ

ЖАТЫНАТАР ЖАҢЫЛТПАШ

Ат жемейтін,
Ащы шоптің
Шыққанынан,
Шықпағаны жақсы ма?
Шықпағанынан
Шыққаны жақсы ма?

Домбай мен Омбай
Дойбы ойлады.
Омбай ойбай ұтылып,
Ойбайлады.

Ойбайлаған
Омбайға
Домбай қой-қойлады.

Ауыл-сауым,
Үйпа-түйпа,
Салдыр-салақ.
Бұл кім?
Кеп тұр күлкім.

Жып-жшақм,
Тап-таза,

Түп-түзү,
Бұл кім?
Ұқыпты болуға ұмтыл!

Мамам
Банан берді.
Бананды маған бермей,
Оған берді.
Оған бермесе,
Ойбайлап дау іздейді.
Бананның қазақшасын
«Мәуізі» дейді.

Табанынан
Тік тұрдым.
Ботқаны отқа қойып
Бұқтырдым.
Бұқтырып қойған ботқам
Бөтбырық боп,
Түбі күйді.
Әбігерге түсіп
Әрі-бері жүрді де,
Дәрігерге
«Дәрі бер!» деді.
Дәрігер дәрі беріп,
Бәрі емеді.

AIQYN-LIVE

30 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ



МОАНА

ҚАЗАҚША СӨЙЛЕДІ

Дисней ұсынған «Моана 2» анимациялық фильмінің қазақ тіліндегі тұсаукесер көрсетілімі ұйымдастырылды. Тынық мұхиты аралындағы шытырман оқиғаны баяндайтын «Моана 2» фильмін биыл Дисней компаниясы өз қаражатына аударған. Бастамаға халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы ұйытқы болды.

Әсет ҚАЛИ

Дисней жыл сайын фильмдердің әртүрлі тілдегі нұсқасын дайындайды. Соның аясында «Қазақ тілі» қоғамының атсалысуымен биылдан бастап ірі халықаралық студиялар әлемдік премьераларын қазақ тілінде ұсына бастады.

— Disney, Pixar және Sony компаниялары дүниежүзіне жаңа фильм шығарған кезде оны 30 шақты тілдерге аударып, таратады. Сондай тілдердің қатарына қазақ тілінің қосылғаны біз үшін — үлкен жеңіс. Бұған дейін біз фильмдерді өз қаражатымызға, демеушілердің көмегімен аударып жүрдік. Сондықтан бұл бастаманың маңыздылығы біз үшін өте үлкен. Биылғы жылдың өзінде «Ойжұмбақ», «Веном 3» сынды жоғары деңгейлі туындылар қазақ тілінде жарыққа шықты. Енді алдағы уақытта «Муфаса — арыстан патшасы» және «Ақшақар» мультфильмдері жарық көрмек, — деді халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті Рауан Кенжетханұлы.

«Моананың» алғашқы бөлімі көрермендерді эмоционалды оқиғасымен, батыл кейіпкерімен және әсерлі музыкасымен баурап алған еді. Көрерменді мұхиттың көгілдір суларына сүнгуге және Полинезия халықтарының мифологиясын зерттеуге шақыратын керемет мультфильм болып шықты.

«Моана 2» фильмінде көрермен сүйікті кейіпкерлері Моана және Мауимен қайта қауышады. Сондай-ақ жаңадан қосылған ержүрек теңізшілермен бірге қызыққа толы сапарға аттанады. Теңізші бабаларынан аян

алған кейіпкерлер Океанияның шалғай, қатерлі аймағына сапар шегіп, естен кетпес шытырман оқиғаларды бастан өткереді. Мультфильмде Моананың көздеген мақсаты тек шытырман оқиғаны іздеу емес, өз халқын қорғау және әлемдегі тепе-теңдікті сақтау болды. Басқа да кейіпкерлермен олар барлық қиындықты жеңуге және жолындағы кез келген кедергілерді жеңуге көмектесетін жана күштерді ашады.

Бұл фильм Disney студиясының ағылшын тіліндегі нұсқасымен қатар жергілікті тілдегі нұсқасын шығарған алғашқы анимациялық фильмі болды.

Туынды Жаңа Зеландия кинотеатрларында «Моана 2 Reo Māori» деген атаумен таныстырылды. Фильмде Полинезияның байырғы тіліндегі дауыстық актерлік шебер-



лік болды. Сондай-ақ Маори тілінің бірнеше диалектісінің бірі тайравити тілі қолданылған.

— Бұл — мен шыққан тайпа. Ол әлі жағалауда тұрады. Сондықтан мұның зор мағынасы бар, өйткені біз теңіз адамдарымыз. Біз теңізде тұрамыз, теңіз жағасында өмір сүреміз, сонымен бірге теңізбен өте тығыз байланыстымыз, — деді мультфильмнің режиссері Твиди Вайтити.

Фильм кейіпкерлерін қазақ тілінде сөйлеткендер: қазақстандық әнші Назима, ол Моананың барлық әнін орындайды. Моана Құралай Өтепованың дауысымен сөйлейді. Актриса Айнұр Болат Моана мен

Мауиге қатер төндіретін Матангиді дыбыстады. Ал Матангидің әндерін Гауһар Өмірзақова орындады. Қобыланды Болат алпамсадай жартылай құдай Мауиді дыбыстады. Бақытжан Әлпейіс — «күңкілдек бағбан» және Моананың тобының мүшесі Келені «сөйлетті». Елімізге танымал әнші Садраддин де Мониді дыбыстап дубляж қатарынан көрінді. Қазақ тіліндегі дубляж режиссері — Шах-Мұрат Ордабаев. Музыкалық жетекшісі Анель Сіргебаева болды.

— Осы жобаға келген кезде аудармашыларымыз, мәтін үйлестірушілеріміз де бар күш-жігерін салып дыбыстауға тырысты. Бірақ ақыр аяғында осы фильмді жасап жатқанда оның қаншалықты жеңіл, жарқын болғанын сездік. Моана — музыкалық туынды. Авторлар, композиторлар осы туынды үшін әдемі әндерді шығарды. Моана 2-нің тағы бір ерекшелігі, бізге жана кейіпкерлер қосылды. Олар сөзімен ғана емес, әндерін де айтып рөлдерін керемет алып шықты. Баршаның да осы керемет бір мультфильмді көруге шақырамын, — дейді қазақ тіліндегі дубляж режиссері Шах-Мұрат Ордабаев.

Рауан Кенжетханұлының сөзінше, шетелдік танымал фильмдерді қазақ тіліне аудару тіліміздің кеңінен таралуына септігін тигізеді.

— Қазақ тіліне аударылып жатқан фильмдерді кенінен насихаттап, кинотеатрларға барып, қазақ дубляжын қолдауға шақырамыз. Әлемдік студиялардың қазақтілді ортаның қызығушылығын ескеріп, туындыларын өз есебінен аударып, ұсынуы біз үшін өте жақсы жаңалық. Биылғы әлемдік премьералардың қазақ тіліндегі аудармасы бұрын-соңды болмаған рекордтық көрсеткіштерге жетті. Қазақша кино қарауға ықыласты қауымын көбейтін анық байқалды. Алдағы уақытта танымал туындыларды қазақ тіліне аудару дәстүрі жалғаса береді. Бұл тіліміздің, әсіресе балалар мен жастар үшін тартымдылығын арттыруға және кенінен таратуға бағытталған тиімді тәсіл деп санаймын», — дейді ол.

«ҚАЙРАТ»

ФИНАЛДЫҚ КЕЗЕҢГЕ ШЫҚТЫ



Алматының «Қайрат» командасы футболдан Чемпиондар лигасының финалдық кезеңіне шықты.

В тобында қазір алматылықтар 6 ұпаймен көш бастап тұр. Франциялық «Этуаль» хорватиялық «Футзал Динамо» командасын 4:3 есебімен жеңгеннен кейін «Қайраттың» мерзімінен бұрын финалдық кезеңге шыққаны белгілі болды.

Екі турдан кейін «Этуальда» — 3, «Футзал Динамо» мен «Олмиссум» командаларында 1 ғана ұпайдан бар. Бірінші турда «Қайрат» «Этуальды» 4:2 есебімен жеңгендіктен, алдағы ойындардың нәтижесі ештеңені шешпейді. Алматылықтар өз тобындағы соңғы кездесуін «Футзал Динамо» командасымен өткізеді. Чемпиондар лигасының жартылай финалына «Қайраттан» басқа қалған үш топтың жеңімпазы жолдама алады.

Ал семейліктер «Рекордты» 5:0 есебімен тас-талқан қылды. Өкінішке қарай, бірінші матчта «Пальмаға» есе жіберіп (1:4) қойған.

«ШАХТЕРДІ» ЧЕХ ФУТБОЛШЫСЫ

ЖАТТЫҚТЫРАДЫ

Қарағандылық «Шахтер» биылғы сәтсіз маусымнан кейін ойыншылар құрамын ғана емес, бапкерлік штабты да күшейтіп жатыр.

Кеншілер клубын енді Чехияның әйгілі футболшысы Иржи Ярошек жаттықтырады. Бұл туралы «Шахтердің» президенті Талғат Дүйсеков мәлімдеді.

Еске салайық, биыл «Шахтер» КПЛ-де соңғы 13-орын алып, тарихында алғаш рет Бірінші лигаға төмендеді. Осыдан кейін Қарағанды облысының әкімі клубтың басшысын ауыстырып, спорттық ұжымға жана міндет жүктеген болатын.

Иржи Ярошек — кәсіби футболшы, ол Англияның («Челси» құрамында), Шотландияның («Селтик» құрамында), Чехияның («Спарта» құрамында), Ресейдің (ЦСКА құрамында) чемпионы болған, испандық Примерада үздік ойын көрсеткен («Сарагоса» мен «Алавес» құрамында). Жоғары дивизиондық еуропалық чемпионаттарда кәсіби клубтарды жаттықтыруға құқы беретін UEFA PRO лицензиясы бар. «Шахтерге» келгенге дейін Чехия, Словакия, Словения мен Ресей клубтарында жаттықтырушы болған.

Чех маманынан бөлек, бапкерлік штабқа Петар Алексеевич пен Джозеф Муха да қосылды. Ал бұған дейін жұмыс істеп келген Қарағанды футболының анызы Андрей Финонченко жана командамен бірге жұмысын жалғастырады.



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛТЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Сағхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(717) 804-61-32
podpiskaalt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4528
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,